

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

БЕТПЕРДЕ ТАҒЫҢЫЗ

АРАҚАШЫҚТЫҚ САҚТАҢЫЗ

КАРАНТИН ШАРАЛАРЫН САҚТАҢЫЗДАР

ӘКІМ



ЕРЛІККЕ – ҚҰРМЕТ!

2

ТӘРБИЕ ДЕГЕН БІР ТӘңІР



«ҰШЫРДЫҢ БАПТАП ҰЯДАН...»

6

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ШАҺАР БАСШЫСЫ ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев 11 тамызда сағат 9.00-де «Мамыр-5» шағынауданындағы 6-үй мекенжайындағы №202 мектеп-гимназиясында Әуезов ауданының тұрғындарымен кездеседі.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

9.08.2022

Түнде:



+15+20 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+27+32 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

10.08.2022

Түнде:



+15+20 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+27+32 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №91 (6226) 9 тамыз, сейсенбі, 2022 жыл.

ЕРТЕҢ – «АБАЙ КҮНІ»

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ КЕМЕҢГЕРІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің алғашқы сапарларын халқымыздың қасиетті тұлғалары – Бекет-ата, Қожа-Ахмет Яссауи және Абай Құнанбайұлының рухтарына тағзым етуден бастағаны белгілі. Президент ұлы ақынның мәңгілік мекені – киелі Жидебайға келгенінде жергілікті ақсақалдарға хакім Абайдың 175 жылдық мерейтойының мемлекеттік деңгейде атап өгілетінін атап айтқанының да куәсіміз. Сол 2020 жыл Абай жылы болып аталып өтті.

12

БАҒА

ҚЫМБАТШЫЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Алматыда азық-түлік бағасына күнделікті мониторинг жүргізіледі



Алматы қалалық Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына күнделікті мониторинг жүргізуді қолға алды. Тексеру нәтижесіне орай мынадай деректер ұсынып отыр.

2

ҚЫСҚА...

- Алматы қаласының әкімі автобуста әйелді құтқарған жігітті марапаттады.
- Мәдениет және өнер саласындағы төрт ЖОО оқытушыларының еңбекақысы өсті.
- Қазақстандық оқушы Ярослава Кравчук Абайдың әнін NASA-да шырқады.
- 7 өңірде көлікті заңсыз есепке қойғандар анықталды.
- Алматы зообағында 300 жылдық алып емен ағашы өсіп тұр.
- Алматы мен Вьетнам арасындағы әуе қатынасы қайта жанданады.
- Қырық қазақстандық Түркия мен Ресейдің әскери оқу орындарына түсті.

www.almaty-akshamy.kz





ҮКІМЕТ



БАҒА НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Үкіметте әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын ұстап тұру шаралары талқыланды

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының (ЭМАТ) бағасын ұстап тұру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы кеңес өткізді. Бұл туралы Үкімет басшысының сайтында жарияланды.

Кеңес барысында соңғы айда бағаның 0,8%-ға өскені атап өтілді. Ең көп өскені басты пияз, қант және күріш бағасы болса, қырыққабат, сәбіз және картоп бағасы төмендеген.

АШМ мәліметінше, бүгінгі таңда елімізде сиыр еті, құс еті, ұн, картоп, күнбағыс майы, тауық жұмыртқасы мен сүтті қоса алғанда, 680 мың тоннадан астам негізгі азық-түлік тауарлары бар. Ішкі нарықты бидайдың, қанттың және тұздың қажетті көлемімен қамтамасыз ету бойынша кешенді шаралар қабылданып жатыр.

«Ауыл шаруашылығы министрлігі қант саласын дамытудың кешенді жоспарын қабылдады. Енді оны іске асыру бойынша тиісті өңірлермен бірлесе белсенді іс-қимыл жасау үшін шаралар қабылдау қажет. Сондай-ақ, қантты бажсыз әкелуге квоталар бөлінген кезде, олар бұл жұмысты уақытылы орындай алмайтын көптеген ұсақ жеткізушілерге таратылған. Осыған байланысты біз қант жеткізуде белгілі бір проблемалардың бар екенін байқадық. Сондықтан квоталарды бірнеше ірі көтерме жеткізушілер арасында бөлу керек. Олар шағын компанияларға қарағанда қантты төмен бағамен жеткізе алады», – деді Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар, отырыста Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сату алаңда-

рына қатысты монополияға қарсы ден қою шараларын іске асыруды жалғастыратыны белгілі болды. Атап айтқанда, жыл басынан бері 132 комплаенс-келісім жасалды, оның ішінде сауда үстемесін 15-тен 10%-ға дейін төмендету қарастырылған. Сауда саласындағы құқық бұзушылықтардың барлық фактілері бойынша тергеу жүргізілуде.

Өңірлерге келетін болсақ, бір айда ЭМАТ бағасының ең жоғары өсуіне Ұлытау (1,5%), Қарағанды (1,4%) және Қостанай облыстары (1,3%) жол берген.

Үкімет басшысы азаматтарды толғандыратын тағы бір мәселе пияз бағасының өсуі екенін атап өтті. Мәселен, соңғы айда баға орта есеппен 11,9%-ға өсті. Бір айда Батыс Қазақстан, Жетісу, Түркістан облыстарында және Алматы қаласында бағаның ең жоғары өсуі тіркелген.

«Өрістестер, қантпен болған жағдайдың объективті сыртқы себептері болса, пияз бойынша жағдай – жүргізілген жұмыстың шала-лығының нәтижесі. Әкімдіктердің барлық мүмкіндіктері болды, олардың қатарында астықты жеткізу бойынша уақытылы келісім-шарттар жасасу тетігі бар. Өңірлер әкімдеріне оны тұрақтандыру қорларын толықтыру үшін белсенді түрде пайдалануды тапсырамын. Осы мәселеде әр жұмысты уақытылы орындау маңызды екенін атап өткім келеді», – деді Үкімет басшысы.

Премьер-Министр бағаның өсу

себептерінің бірі өндіруші мен түпкілікті тұтынушы арасындағы делдалдардың көптігі екенін айтты. Оларды анықтау үшін барлық өңірлерде арнайы комиссиялар құрылған.

Кеңесті қорытындылай келе, Үкімет басшысы азық-түлік өнімдерінің бағасын ұстап тұру мәселелері басым мәнге ие екенін тағы да атап өтті.

Осыған байланысты ауыл шаруашылығы министрлігіне: азық-түлік қауіпсіздігіне әсер ететін барлық факторларды көрсететін ЭМАТ өндіру мен тұтынудың тиімді және өзекті теңгерімін ұсыну; облыстардың әкімдіктерімен бірлесіп, өңірлердің күзгі көкөністер бойынша алдын ала келісім-шартқа отыруын қамтамасыз ету; ЭМАТ қорларының көлемін тұрақты негізде мониторингтеу және олардың өзгеруіне жедел ден қойып отыру тапсырылды.

Премьер-Министр өңірлер әкімдіктеріне тұрақтандыру қорларын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен уақытылы толықтыруды қамтамасыз етуді тапсырды.

«Сауда және интеграция министрлігіне өңірлер әкімдіктерімен бірлесіп, рұқсат етілген бөлшек сауда үстемесінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі жұмысты күшейтуді және жалпы қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін арттыруды тапсырамын. Нарықтық тетіктерге сәйкес келетін және баға өсуінің салдарымен емес, себептерімен күресуге бағытталған тамақ өнімдерінің бағасын ұстап тұру бойынша жаңа тәсілдерді әзірлеу қажет», – деді Премьер-Министр.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

БРИФИНГ

АЛМАТЫ АВИАЦИЯСЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің онлайн алаңында «Алматы халықаралық әуежайы» АҚ жерде қызмет көрсету және өндіріс жөніндегі аға вице-президенті Зитцерс Симонстың қатысуымен Қазақстан Республикасы Көлік қызметкерлері күніне арналған брифинг өтті.



**Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ**

Пандемия кезінде әуежай кірісінің 2/3 бөлігін жоғалтты. Бүгінде Алматы постпандемия кезеңінде, өмірдің барлық саласы, соның ішінде авиация саласы белсенді түрде қалпына келтірілуде: рейстер қайта жандануда, жаңа ба-

ғыттар ашылуда. Зитцерс Симонс адамдардың қайта саяхаттай бастағаны ішкі және халықаралық авиация үшін өте жақсы белгі екенін атап өтті.

«Біз болашақта әуе көлігіне сұраныстың арта түсетінін көріп отырмыз. Қазақстандағы Алматы халықаралық әуежайы Қазақстанның негізгі әуе қақпасы болып табылады. Қазіргі кезеңде біз өсіп

келе жатқан жолаушылар ағынын жеңуге көмектесетін жаңа терминал салу қажеттілігін көріп отырмыз», – деп атап өтті ӨКҚ брифингінің спикері.

Зитцерс Симонс авиация ұзақ мерзімді жоспарлауды қажет етеді деп санайды. Қандай ұшақ жасау керек, оларды кім пайдаланады және қандай масштабта ұшады? Сондай-ақ, журналистер сауалына жауап берген спикер Алматы әуежайының ішкі терминалы жаңасының құрылысы аяқталып, іске қосылғаннан кейін бірден қайта құру жоспарланып отырғанын айтты.

«Біз қазіргі терминалды мүмкіндігінше жақсартуға тырысамыз. Осыдан бір ай бұрын ішкі терминалдың алтыншы отырғызу секторында жөндеу жұмыстары аяқталды, оның ауданы бұрын 177 шаршы метр болса, қазір 850. Екі шығарыс орнына қазір төртеуі бар. Залдар кеңейді», – деп түйіндеді Зитцерс Симонс.

ӘКІМ

ЕРЛІККЕ – ҚҰРМЕТ!

Алматы қаласының әкімі автобуста әйелді құтқарған Райымбек Медетбекті марапаттады



**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

Қала басшысы Ерболат Досаев әйелді автобуста күш көрсетуден құтқарып қалған Райымбек Медетбекпен кездесті. Алматы қаласының әкімі оған ерлігі, батылдығы мен белсенді азаматтық ұстанымы үшін алғыс айтты, сонымен қатар Алғыс хат пен бағалы сыйлық табыстады.

23 жастағы Райымбек Медетбек Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

түлегі, Алматы қаласы экология және қоршаған орта басқармасының «Медеу» мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» КММ жұмыс істейді.

«Қала әкімімен кездесуде әрине, қобалжыдым. Маған ноутбук сыйға берді. Бағалы сыйлық тарту еткенде таңқалдым, күтпедім», – деді Медетбек.

Еске сала кетсек, бұған дейін Алматыда ер адам автобуста әйелге пышақ салған болатын. Райымбек Медетбек пен куәгерлердің жедел әрекеттерінің арқасында әйел өлімнен аман қалды.

РЕЙД

ҚЫМБАТШЫЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Алматыда азық-түлік бағасына күнделікті мониторинг жүргізіледі

**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

(Басы 1-бетте)

Бүгінде бағаны тұрақтандыру азық-түлік корпорациясының қорларынан астық жеткізу арқылы қамтамасыз етіледі. Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, Қазақстанда күзгі астық мол болады деп күтілуде.

Қазір Алматыда сиыр етінің келісі 2347 теңге, тауық еті – 1219 теңге, пияз – 195 теңге, сәбіз – 211 теңге, картоп – 181 теңге, қырыққабат – 92 теңгеден сатылуда. Мамандар шағарға көкөністер Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарынан жеткізіледі дейді. Айтуларына, көкөністерді маусымаралық кезеңде сату бойынша форвардтық сатып алу шарты жасалған. Жыл соңына дейін шамамен 74 мың тонна жеткізу туралы келісім бар.

Тамыз айының басында сүттің литрі – 328 теңгеден, айран – 379 теңгеден, сары май – 3397 теңгеден, сүзбе – 1940 теңгеден, күріш – 292 теңгеден, қарақұмық – 516 теңгеден, күнбағыс майының бір литрі – 879 теңге, 10 дана жұмыртқа – 460

теңге болса, тұздың бағасы – 66 теңгеден сатылған. Сонымен қатар, Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы тосап жасау маусымының басталуына байланысты қалада қантқа деген сұраныс екі есеге – тәулігіне 120 тоннадан 250 тоннаға дейін өскенін атап өтті. Қанттың 40%-дан астамын Алматы (Қаскелең, Талғар, Өтеген батыр, Кеген, Нарынқол) және Жетісу (Талдықорған, Жаркент, Сарканд, Үшарал) облыстарының тұрғындары сатып алады.

«Халықтың сұранысын орындау мақсатында сауда желілері, үй жанындағы дүкендер мен қалалық базар сөрелеріндегі қант көлемі 180 тоннаға дейін ұлғайтылды», – деп атап өтті әкімдік-тегілер. Айта кетейік, демалыс күндері өтетін жәрмеңкелерде қолжетімді бағада қант сатып алуға болады. «Алматыда әлеуметтік маңызы бар азық-түліктер бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу бойынша күнделікті мониторинг жүргізіледі. Мәселен, тұрғындардың арыз-шағымдары негізінде үй жанындағы 12 дүкенге қанттың негізсіз қымбаттауына тексеру жүргізілуде», – деп хабарлады Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы өкілдері.

ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

Қазіргі таңда әлем бойынша әйел кәсіпкерлердің саны күн санап артып келеді. Бұл үрдіс елдегі экономиканың нығаюына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына септігін тигізуде. Тәуелсіз зерттеушілердің дерегінше, ерлермен салыстырғанда нәзікжандылар әлеуметтік өнеркәсіп орындарын жиі ашады екен. Қазақстанда әйел адамдардың кәсіп ашуына жергілікті әкімдіктер мен микроқаржылық компаниялар қолдау білдіреді.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Жыл басындағы есеп бойынша, елімізде 9,84 млн әйел бар. Бұл – бүкіл ел халқының 51,4 пайызы. Әйелдер еліміздің еңбек нарығында үлкен салмаққа ие. Мәселен, экономикалық белсенді халықтың 48,5%-ын нақ осы қазақстандық әйелдер құрайды. Сондай-ақ, әйелдер елдегі барлық жұмыспен қамтылғандардың 48,1%-ын және барлық жалдамалы қызметкерлердің 48,9%-ын құрайды. Қырық шырақты әйелдер қауымының белсенділігі экономикаға әжептәуір серпін беру. Жеке кәсіпкерлікте де әйелдер алға озып отыр. Әйелдер басқаратын ЖК-лар саны өткен жылдың соңына қарай 9,1% немесе 625,1 мыңға дейін өскен. Әсіресе, жас келіншектер жеке кәсіпкерлікте белсенді. 29 жасқа дейінгі әйелдер басқаратын, әрі жұмыс істеп тұрған ЖК-лар саны бір жыл ішінде 37,2%-ға немесе 88,7 мың адамға дейін өсті. Жұмыс істеп тұрған жас кәсіпкерлердің жалпы санынан ЖК үлесі 43,4%-дан 46,4%-ға дейін артқан. Кәсіпкер әйелдердің Қазақстанның жалпы ішкі өнімге үлесі – шамамен 40%.

Дегенмен, елімізде әлі де гендерлік теңсіздік бар. Мысалы, ер адамдардың жалақысы әйелдерге қарағанда 22%-ға жоғары. Сондай-ақ, жұмыссыздық деңгейі өткен жылдың төртінші тоқсанында 4,9% болды. Ерлер арасында жұмыссыздық

4,1% болса, әйелдер арасында – 5,1%. Алайда, олар ерлерге қарағанда әлдеқайда білімді және білікті маман болып саналады. Мысалы, коронавирус пандемиясына дейін елде жоғары біліммен жалпы қамту әйелдер арасында – 73,2% болса, ерлер арасында – 61,1%. Зерттеуші мамандардың 52,4%-ы – әйелдер, ерлердің үлесі – 47,6%.

Халықаралық McKinsey зерттеуі әйелдердің экономикаға ерлермен тең дәрежеде қатысуы 2025 жылы әлемдік ЖІӨ-ді 28 трлн долларға дейін өсіруі мүмкін екенін көрсетіп отыр. Бұл Шығыс Еуропа мен Орталық Азияда, Таяу Шығыста және Солтүстік Африкада ЖІӨ-нің 9% өсуін білдіреді.

Күні кеше Дүниежүзілік экономикалық форумның «Жаһандық гендерлік алшақтық 2022» баяндамасы жарық көрген болатын. Ондағы деректерге сәйкес Қазақстан гендерлік теңсіздік бойынша көрсеткіштерін жақсартып, жаһандық рейтингте 80-орыннан 65-орынға дейін көтерілгені айтылды. Теңдіктің жиынтық көрсеткіші бойынша ТОП-5 елге Исландия, Финляндия, Норвегия, Жаңа Зеландия және Швеция кіреді.

Қазақстан гендерлік теңсіздіктің жаһандық индексі бойынша «көршілес» және рейтингте Италия, Израиль, Грузия және Сингапур сияқты елдерден сәл төмен, бірақ бұл ретте Словакия, Моңғолия, Чехия, Польша немесе Армениядан алда тұр. Орталық Азия елдерінде Қазақстан 4-орында.

Сарапшылар қарастырылып отырған критерийлеріне сәйкес Қазақстанның ең үлкен жетістігі – әйелдер мен ерлердің мектептегі және кәсіптік білімге қолжетімділігінің тең дәрежеде болуы. Сондай-ақ, денсаулық сақтау және өмір сүру критерийі бойынша да көрсеткіштер тең дәрежеде. Онда салауатты өмірдің орташа ұзақтығы және туу кезіндегі жыныстық теңдік ескеріледі. Осы көрсеткіштер бойынша бізді тиісінше 27 және 44-орынға орналастырды, – деді «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ басқарушы директоры Александра Молчановская.

Қолданыстағы электронды еңбек келісім-шарттары бойынша жүргізілген

талдауға сәйкес, әйелдер Қазақстандағы жоғары білікті мамандардың негізін құрайды. Алайда, басшылық лауазымдардағы әйелдердің ерлерге қатынасы айтарлықтай төмен. Сондай-ақ, біліктілігі төмен еңбекпен айналысатын әйелдердің саны ерлерге қарағанда едәуір көп. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығында, құрылыста, өнеркәсіпте және көлікте ерлердің айтарлықтай үстемдігі байқалады.

Қызметкерлердің кірістерін ескере отырып, ерлердің орташа жалақысы негізгі жұмыс топтарындағы әйелдерге қарағанда едәуір жоғары. Мысалы, ер басшылар әйел менеджерлеріне қарағанда орта есеппен 12,4% жоғары жалақы алады. «Кәсіби мамандар» тобындағы әйелдердің көп болуына қарамастан, олардың жалақысы ерлерге қарағанда 29,0%-ға аз. Ең үлкен алшақтық «өнеркәсіп, құрылыс, көлік жұмысшылары» тобына тиесілі, мұнда ерлердің орташа жалақысы әйелдермен салыстырғанда 69%-ға жоғары.

Өңірлер бөлінісінде мұнай және өнеркәсіптік өңірлерде еңбекақы төлеудің айтарлықтай гендерлік алшақтығы байқалады, ал оңтүстік және аграрлық өңірлерде айырмашылық аз. Мегаполистерде еңбекке ақы төлеудегі гендерлік алшақтық 16%–19% диапазонында болады және еңбекке ақы төлеу бойынша алшақтыққа негізгі үлес «кәсіби мамандар» және «өнеркәсіп, құрылыс, көлік жұмысшылары» топтарына тиесілі.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәлімдеуінше, гендерлік теңсіздікті төмендетудің қазіргі қарқынымен бүкіл әлем толық тепе-теңдікке жету үшін 132 жыл қажет болады екен. Елімізде әйелдердің экономикаға үлес қосуы, ерлермен тең дәрежеде жұмыс істеуі, жалпы гендерлік теңдік үрдісі жылдам жүріп келеді.

БРИФИНГ

ҰЛҒАЮ ҮРДІСІ БАЙҚАЛАДЫ

Биыл қалада алимент бойынша борышкерлер 85 миллионнан астам теңге төледі



Бұл жайында Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы Әділет департаменті басшысының орынбасары Жаңабай Ағманов мәлімдеді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Спикер Алматы қаласы Әділет департаментінің 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында мемлекеттік сот орындаушылары бойынша атқарған жұмыстары туралы баяндады.

Мемлекеттік сот орындаушыларының іс жүргізуінде жалпы сомасы 163 304 689 470 теңгеге 2154

атқарушылық құжат орындалды. Сот актілерінің жалпы санынан 1158-і немесе 54%-ы аяқталды. Алимент өндіру бойынша 29 іс орындалып, 6 іс нәтижелі болды.

«Біздің департаменттің қызметкерлерімен борышкерлерді әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бірінші жартыжылдықта 68 борышкер, алименттік өндіріс бойынша 36 борышкер жауапқа тартылды.

Борышкерлерді әкімшілік жауапкершілікке тарту бойынша қабылданған шаралардан кейін борышкерлердің өз міндеттемелерін орындауы 41%-ға ұлғайғаны байқалады», – деді Алматы қаласы Әділет департаменті басшысының орынбасары Жаңабай Ағманов.

Алимент бойынша 6 борышкер сот актілерін орындамағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Сотталғандар ұзақ уақыт бойы көмекке толмаған балаларды күтіп-бағуға алимент төлеу жөніндегі міндеттерді орындамаған. 2 алматылыққа қатысты үкім шығарылып, 4 іс ақталмайтын негіздер бойынша қысқартылды.

Алматы қаласының Әділет департаментінде алимент бойынша барлығы 1776 іс бар. Алименттердің санын азайту мақсатында Әділет департаменті жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасымен, полицейлермен және Халықты жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп, борышкерлерді әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту, сондай-ақ борышкерлерді жұмысқа орналастыру бойынша ЖСО-ның меморандумы мен іс-қимыл алгоритміне қол қойды. Жылдың басынан бері 57 борышкер жұмысқа орналасты.

ТҰРҒЫН ҮЙ



25 ПАЙЫЗҒА ҚЫМБАТТАДЫ

«1 жылда қолданыстағы пәтерлерді қайта сату бағасы – 26,4%-ға, жаңа тұрғын үйлерді сату 19,6%-ға өсті. Тұрғын үйді жалға алу төлемі өткен жылғы тиісті аймен салыстырғанда, 2022 жылғы шілдеде 20,8%-ға артты», деп атап өтті бюро өкілдері.



Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

Өңірлер бойынша жаңа салынған тұрғын үйлер нарығындағы баспана жылдық мәнде Ақтөбе қаласында – 32,5%, Нұр-Сұлтанда – 27,6%, Өскеменде 26,1% қымбаттаған. Қолданыстағы үйлерді қайта сату нарығында баға өсімі бойынша көшбасшылар – Қызылорда (44%), Өскемен (43,7%), Талды-

корған (43,4%) және Нұр-Сұлтан қалалары (41,3%), ал тұрғын үйді жалға алу нарығында – Алматы қаласы (47,2%).

«1 айдың ішінде (2022 жылғы шілде мен маусымды салыстырғанда) пәтерлерді қайта сату бағалары – 0,8%, жаңа тұрғын үйді сату – 0,5% өсті. Абаттандырылған тұрғын үйді жалға алу төлемі алдыңғы аймен салыстырғанда, шілдеде 0,4% жоғарылады», делінген бюро хабарламасында.



ШАҢАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы – тамаша табиғатымен талайды таңдай қақтырған сұлу қала. Алып шаһарға шетелдерден келетін туристер де, ресми сапарлармен табан тірейтін қонақтар да көп. Сондықтан Алматы экологиялық жағдайының заң талаптарына сай бақылауда болғаны, басқа елдерге үлгі ететін жетістіктермен толығып отырғаны жөн. Бұл бағытта қалалық Экология және қоршаған орта басқармасы мамандарының атқарып жатқан шаруалары көп.

8 мыңнан астам контейнер орнатылды

Алып шаһар қатты тұрмыстық қалдықтарды (ҚТҚ) жинау және шығару қызметтерімен толық қамтамасыз етілген. Алматылықтарға бұл қызметтерді қалдықтарды жинайтын 25 ұйым көрсетеді. Коммуналдық қалдықтарды жинау үшін 1454 контейнер алаңы бар, онда 8003 контейнер орнатылған.

Мұндай деректер өткен аптада Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Экология және қоршаған орта басқармасы өкілдерінің қатысуымен өткен онлайн-брифингте айтылған болатын.

Алматы қаласы экология және қоршаған орта басқармасы басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Сергей Герасименконың айтуынша, барлық жиналған қалдықтар сұрыпталатын қоқыс сұрыптау кешеніне жеткізіліп, одан әрі өңдеуге және көмуге жіберіледі.

Иә, тіршілік бар жерде түрлі тұрмыстық қатты қалдықтардың болуы заңды. Бірақ сол қоқыстар дйттеген жеріне сұрыпталып бармайды. Егер әрбір адам үйден шығатын қоқыс қалдықтарын түріне қарай бөліп тастайтын болса, бізде бұл мәселе болмас еді. Бүгінде өркениет жолына бет алған әлем елдері қоқысқа қарсы күрестің түрлі амалдарын ойлап тапқан. Мәселен, бірқатар еуропалық елдер полиэтиленді құтыларды шығарудан бас тартса, енді бірі қоқысты түрлі заманауи жолдармен өңдеуге бет бұрды. Демек, тәжірибе көрсеткендей, бұл проблеманы оңтайлы шешуге толық мүмкіндік бар. Мысал ретінде айтатын болсақ, Швейцарияда әрбір тұрғын қоқысты сұрыптап төгуге міндеттелген. Ондағы шыны заттардың 90 пайызы, қағаз өнімдерінің үштен бірі қайта өңдеуге пайдаланылады. Сондықтан Швейцария мен Сингапур сияқты елдер әлемдегі экологиялық ең таза мемлекеттердің қатарына енген.



Ал бізде қоқысты жинап, кәдеге жарату мәселесі шешілсе, оны өңдеу қала үшін күрделі мәселе болып тұр. Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында шығарылған қалдықтардың көлемі 203 мың тоннаны, өңделгені – 33 мың тоннаны, өңдеу үлесі – 16,6 пайызды құраған.

Сала мамандарының айтуынша, қазіргі уақытта Алматыда ҚТҚ өңдеу жұмысы қажетті көлем мен сапада жүзеге аспай келеді. Сондықтан қаладан шығатын қалдықтарды қайта өңдеу бойынша көрсеткіш тек 17%-ды ғана құрап отыр. Ал қалдықтардың қалған 83%-ы полигонға көмуге жіберіледі, нақтырақ айтқанда, олар жерге көміледі. Ал экологтар қоқысты залалсыздандыру өте маңызды және қажетті деп есептейді. Айтуларынша, қоқысты жоюдың мұндай жолы адам денсаулығы мен қоршаған ортаға орасан зор қауіп төндіреді. Себебі, жай көмілген зат қоқыс алаңдары аумағынан жерасты суларына түседі. Қалдықтарда дизентерия, холера, туберкулез сияқты ауруларды тудыратын бактериялар ұзақ уақыт бойы сақталады. Өкініштісі, бізде ҚТҚ-ны терең өңдейтін қуат жоқ. Егер дәл осы процесс қолға алынатын болса, олардың есебінен полигонға көмуге жіберілетін қалдықтардың көлемін қысқартуға болар еді.

Басқарма өкілі ұзақ мерзімді дамудың шеңберінде 2030 жылға дейін қайта өңдеу тереңдігін тағы 30–40%-ға арттыру үшін RDF (Refuse-derived fuel) отын өндіру зауытын салу жоспарланғанын айтады.

2025 жылға дейін қабылдау орындарының санын 100 бірлікке дейін, торлы контейнерлерді 3000 бірлікке дейін, ҚТҚ шығару жөніндегі барлық 25 қоқыс шығарушы ұйымның арнайы техникасына арналған диспетчерлеу жүйесін 3000 бірлікке дейін ұлғайту жоспарлануда.



Алматы қаласы экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасы басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Сергей Герасименконың мәлімдеуінше, Алматыда 153 су нысаны бар, оның ішінде: 109 су ағыны және 44 су қоймасы.

Қаладағы су ағындарының жалпы ұзындығы 586,2 шақырымды құрайды. Жағалауды бекіту жұмыстарының ұзындығы 206,26 шақырым (2007 жылдан бастап). 124,7 шақырымда – жөндеу және қайта құру жұмыстарын жүргізу қажет. Мегаполистегі гидротехникалық құрылыстар 48 шақырымды құрайды.

Сондай-ақ, қала аумағында су объектілерінде 36 су тарту нысаны бар, оның 13-і иесіз, ол нысанды су алушыларда, өрт сөндіру машиналары мен суару машиналары да пайдаланады.

«Жасыл қорды суарудың кешенді схемасын ұйымдастыру мақсатында біз арық желілеріне суару үшін су беретін 27 су тарту құрылыстарын қайта құру және салу бойынша жоба

әзірледік», – деп мәлімдеді Сергей Герасименко.

Сонымен қатар, басқармадағылар нөсер жаңбыр кезіндегі су басу туралы да біледі. Қолданыстағы арық желісі қаланың тығыз дамуы мен қатты беткейлердің ұлғаюына байланысты су ағындарын өткізе алмайды.

«Көктемгі кезеңде су басу аймақтарының саны 102-ге дейін артты. Зерттеу барысында су басу аймағында 82 аула бар, 90 әкімшілік ғимарат, 48 сауда нүктесі мен өндірістік ғимараттар, сондай-ақ саябақ пен 50-ден астам көше бар», – деп, спикер проблемалық аймақтарды атады.

Бұл мәселені жедел шешу үшін жыл соңына дейін арық желілерін кеңейту, коллекторларды қайта құру және қалпына келтіру және канал желілерін нөсер суын ағызу коллекторларымен байланыстыру жоспарлануда, бұл жауын-шашын мөлшерін азайтып, 56 су басу аймағын жоюға мүмкіндік береді.

Сонымен қоса, 2023 жылдың со-

КЕРЕК ДЕРЕК

- Биыл «Жасыл Алматы» бағдарламасы аясында 1 миллион ағаш отырғызылады.
- Акция басталғалы 643 мың жас ағаш көшеттері егілді.
- Қала орталығында 485 мың ағаш өседі.
- Алматыда 84 мың апатты ағаш бар.
- Биыл 5 мың апатты ағаш кесіліп, оның орнына 50 мың көшет отырғызылады.

Арық желілері кеңейтіліп жатыр

нына дейін ұзындығы 376 шақырым арық желілерін қайта жаңғырту және салу жобасы аясында қалған 46 су басқан аймақтардың мәселелері шешіліп, 67 шақырымдық су тасқынына қарсы құрылыс аяқталады. Жаңа арық желілері де қамтамасыз етіледі.

Бүгінде қаланың батыс бөлігінде, ұзындығы 119 шақырымды құрайтын құрылыста қалпына келтіру жұмыстары басталып, шығыс және орталық бөлігінде жұмыстарды биылғы күзде бастау жоспарлануда.

Пайдалануға берілгеннен кейін салынып жатқан объектілерді су шаруашылығы объектілерін басқару жөніндегі бірыңғай операторға беру жоспарлануда, оның бөліміне: су шаруашылығы құрылыстарына техникалық қызмет көрсету және қызмет көрсету, суару және су бұру үшін реттеу және бөлу кіреді. Бұл оператордың бастапқы суды пайдалануға рұқсаты болады, қаладағы барлық су пайдаланушылардың есебі мен мониторингін жүргізеді.

Мониторинг жүргізілді

Мегаполистің кейбір аумақтарындағы су басу мәселесін шешу үшін Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы су басу қаупі бар учаскелерге мониторинг жұмыстарын жүргізді.

Нәтижесінде 102 жер телімі анықталып, оның 56-сы су басу қаупі жоғары деп танылып, жұмыс істемейтін 12 коллекторды тазарту және қалпына келтіру, сонымен қатар 4 дренаждық канал салу қажеттілігі айқындалды.

Алматы қаласы бойынша Төтенше жағдайлар департаменті және 8 аудан әкімдері аппараттарымен бірлесіп, су тасқынының себептерін жою мәселелерін талқылады.

Кеше мердігер компаниялар Яссауи және Момышұлы көшелерінен түсетін еріген суларды бұру үшін Райымбек даңғылы бойымен Момышұлы және Яссауи көшелерінің қиылысында диаметрі 1000 мм екі су бұрғыш құбырлы өткелдерді төсеу бойынша жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ, Райымбек даңғылының бөлу жолағында қабылдау камералары орнатылатын болады және тексеру құдықтарын ұйымдастыру бойынша жұмыстар қолға алынды. Аталған су бұрғыш құбырлы өткелді Райымбек даңғылының солтүстік бөлігінде орналасқан жұмыс істеп тұрған су бұру коллекторына қосу бойынша жұмыстар жалғасуда.

Назарбаев даңғылы бойымен ағып жатқан жаңбыр мен еріген қар суын ағызу үшін Райымбек даңғылы мен Назарбаев даңғылының қиылысында (шығыс жағы) диаметрі 720 мм құбырлы өткелді ұйымдастыру және қолданыстағы су бұру коллекторына жалғау жұмыстары атқарылуда. «Алматы-2» теміржол вокзалы аумағында орналасқан су бұрғыш коллектор жүйесін тазалау жоспарлануда. Сонымен қатар, Чуланов



көшесінде құрама Г-блокларды қолдана отырып, су бұру каналын ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде.

Назарбаев даңғылы – Өйтеке би көшесінің қиылысы және Өйтеке би–Панфилов көшелерінің қиылысындағы аумақтарда жаңбыр кезінде су бұру үшін ысырма құрылғысымен коллекторға қосу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Су ішетін орын бар

Медеу ауданында Тереңқұрды абаттандыру жобасы аясында Кіші Алматы өзені бойында 2 ауызсу бұрқағы орнатылды.

Олар су қоймасынан 300 метр төмен жаяу жүргіншілер көпірінің жанында және Ньютон көшесінің қиылысында орналасқан. Орталықтандырылған су жүйесіне қосылған, көміртекті тазартудан өтеді. Арнайы түймені басу арқылы суды қосуға болады.

Бұл қондырғылар қала тұрғындарына ыстық күндері шөлдерін қандыруға, сондай-ақ бөтелке түріндегі пластикалық бұйымдарды пайдалануды азайтуға мүмкіндік береді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Кейбір аудандарда су болмайды

Бүгін сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін «Құрманғазы – Төлебаев – Гоголь – Назарбаев көшелерінің және Чайковский – Назарбаев – Гоголь – Құрманғазы көшелерінің контурында орналасқан үйлер мен ғимараттарда уақытша суық су болмайды.

«Алматы Су» МКК мамандарының хабарлауынша, су технологиялық жабдық ауыстырылатындықтан уақытша өшіріледі.



АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ

Ағашқа тығылған қоқыс



Қалада жүріп түрлі жайт-тарды көзіміз шалады. Әсіресе, жастардың табиғатты бей-берекет ластайтыны көңілімізге кірбің түсіреді.

Жұмыстан қайтқан бетіміз. Аптап ыстықтан ағаштың көлеңкесін паналадық. Жайқалып тұрған ағаштың діңіне тығылған қалдықтарды көзіміз шалды. Өзі құлағалы тұрған ағашқа күтім жасаудың орнына, қоқыс қалдырған қандай адамдар болды деген ойға келдім. Таяқ тастам жердегі қоқыс жәшігіне қалдығын лақтыруға ерініп, әр ағаштың діңіне қоқыс қыстыра бергеніміз жөн болмас. Жел соқса ағаштардың қирап, құлап жатқанына шағымданамыз, алайда өз бетімізше күтім жасамаймыз. Табиғат адам баласының тіршілік тынысы әрі таусылмас қазынасы екендігін естен шығармағанымыз абзал.

АЛМАЛЫ АУДАНЫ



Жарық шамдар қирап жатыр

Түнгі Алматының ажарына көрік беретін жарық шамдар қирап жатыр. Осылай деп біздің редакциямызға оқырмандардан хаттар түсуде. Соның бір парасын сіздерге ұсынсақ.

«Жұмысыма Байтұрсынов көшесімен қатынаймын. Күнде осы бір сынған шамның жанынан өтемін. Осылай тұрғанына 1 айдың көлемі болды. Әкімдік жауапты ма, мердігер компанияға тиесілі ме, ол жағын білмедім. Жарығымен қаланың көркін кіргізетін шамымыз сынып, әйнектері шашылып жатыр. Шылымгерлер де қоқыстарын қалдырып, түбін темекі қалдықтарына толтырыпты. Әп-әдемі шамымыз ағашқа сүйелген қалпы әлі тұр. Кішкентай балдырғандар ойнап жүріп құлап қалса ше? Мерттігіп қалмай ма? Неге ол жағын ойланбайды? Байқап қарасам, тоқтары да ажыратылмаған. Ашық ток кім-кімге болсын зиянын тигізбей ме? Жауаптыларды анықтап, шамды қайта қалтына келтірсек», – дейді Жанат Серік есімді оқырманымыз.

ҚОҚЫС

Балалар алаңының жағдайы мәз емес



Алмалы ауданының тұрғыны балалар алаңының жағдайына шағым білдірді.

– Абай даңғылы, 109 А мекен-жайында орналасқан балалар ойын алаңының жағдайы мәз емес. Балаларға деп салынған жерде

ойнап жүрген бала жоқ. Себебі, ата-аналар балаларын мұнда жіберуге қорқады. Алаңды қоршаған ағаштар құлап кетуі мүмкін. Міне, қазір сынған бұтақтардан аяқ алып жүре алмайсың? Осылардың бірі балалардың басына түссе, қайтер едік? Оған қоса, айналадағы қоқыс жинал-мағалы біраз болды. Тіпті, осы алаң салынғанда құрылыстан қалған

қалдықтар жиналған жоқ. Күнде осы көрініс. Тиісті мекемелер қашан өз жұмысын ұқыпты істейді? Балалар алаңында бүлдіршіндер ештеңеден қорықпай қашан ойнайды? – дейді алматылық ата-ана.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ



Аты бар да, заты жоқ

«Шұғыла» ықшамауданының тұрғындары Абай көшесінің батыс бөлігіндегі веложолдың дұрыс салынбағанын айтып, редакциямызға хабарласты.

«Наурызбай ауданы әкімдігінің пікірінше, веложол дәл осылай көрінуі тиіс. Велосипедтерге арналған жол жиегі салынбаған, жаяу жүргіншілер жолағымен біріктіріп жіберілген. Аты бар да, заты жоқ. Бұл жұмысты кім қабылдады? Неліктен бұл қателіктерді ешкім көрмейді? Велосипед жолы тротуарларға боялған жолақ емес екенін біздің билік қашан түсінеді? Ауданымызда жастар көп болғандықтан, басым көпшілігі осы спортпен тұрақты

айналысады. Алайда, арнайы жол болмағандықтан, велосипедімізге де зиянын келтіруде. Қазіргі таңда спортпен жас та, кәрі де айналысады. Бірақ әкімдіктің тарапынан жағдайдың жасалмауы қолды байлап отырғаны», – дейді Рауан Куаныш есімді оқырманымыз.

Осы ретте веложолдың жаяу жүргіншілер жолағына қарағанда құрамы басқа болатындығын айта кеткеніміз жөн болар. Құрамында тас, құм қоспасы болады. Қоспадан кейін шегін тартып, асфальт жабындысы төселеді. Айназ есімді оқырманымыздың пікірінше, қаламызда веложолдардың санын арттырып қана қоймай, арнайы жүгіру алаңдарын салу керек.

«Мен жұмысыма велосипедпен қатынаймын. Бұл біріншіден, спорт, екінші жағынан, қалтама да салмақ түсірмейді. Жаз басталысымен-ақ осылай қатынап жүрмін. Өзімді жеңіл сезіне бастадым, денсаулығымның да жақсарып келе жатқандығын байқаймын. Құрбыларым да маған қызығып, велосипедпен қатынай бастады.

Алайда, кей жерлерде веложолдар сапасыз, тіпті бір жерлерде жоқ екендігі көңілімізді түсіреді. Өркеніетке ұмтылған ел болғандықтан олқылықтардың орны толығады деген сенімдемін», – дейді Айназ Жанаберген есімді оқырман.

МЕДЕУ АУДАНЫ

Суару мәселесін жетілдіру керек



Ыстық күннің астында адамға ғана емес, даладағы көгалға да су қажет.

Әсіресе, тамыры теренге бармаған, дінгегі қатпаған жас ағаштарға жіті күтім керек. Алайда, оқырмандарымыз Алматы көшелеріндегі ағаштарға тиісті суару жүргізіліп жатпағанын айтып, жан-жақтан дабыл қағуда.

– Төлебаев көшесіндегі ағаштар неге суарылмайды? Абай даңғылынан бастап Төлебаев көшесімен төмен түсер болсақ, жас көшеттердің суарудың жоқтығынан құрап қалғанын көреміз. 5–7 метр жерден арық ағып жатса да, олардан су жетпейді. Ағаштардың түбі өңделіп, ылғал жинайтын шұңқыр жасалмаған. Мезоліс орталығындағы жаяу жүргіншілерге арналған

әдемі көшелердің бірінде ағаштарды сақтап қалу қажет. Біздің көзімізше жұмысшылар шырыш-ларды суарған болды. Бірақ 5–7 минутта бәрі кеуіп кетті. Ағаштың тамырына су түгіл, бір тамшы ылғал да жеткен жоқ. Бұл жалпы қаладағы суару мәселесінің бір бөлігі ғана. Шевченко, Қонаев, Пушкин көшелеріндегі жағдай да осындай. Бұл көшелердің арықтарында су ағып жатқан жоқ. Қаладағы ең көрікті саябақтардың бірін жоғалтып алмас үшін Медеу ауданының әкімдігі тиісті шаралар қолдануы қажет, – деп шағымданды Алтай есімді қала тұрғыны.

Дәл осындай мәселені Бостандық ауданының тұрғыны да көтерді.

– Мұстафин мен Торайғыров көшелері қиылысындағы жағдай нашар. Ағаштар құрап кеткен. Енді оларды амалсыздан кесу керек. Оның себебі, жас ағаштар уақытылы суарылмаған. Әкімдікке айтарым, ақша жұмсап ағаш еккен соң оған тиісті күтім көрсету қажет. Әйтпесе, бұл нағыз далаға ақша шашу, – дейді Сұлу есімді тұрғын.

Сала басшылары айтылған мәселеге назар аударып, алдағы уақытта шешімін табады деп сенеміз.

Бетті әзірлегендер
Досбол АТАЖАН, Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.



ТӘРБИЕ ДЕГЕН БІР ТӘҢІР

«ҰШЫРДЫҢ БАПТАП ҰЯДАН...»

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Есімде, 3-сынып оқитынмын. Біз анам, екі қарындасым және әжемізбен ауылда тұрдық. Шиеліден Телікөлге көшкенбіз. Желтоқсан айы болатын. Мектепке барғанша малшы ауылда тұрдық. Сол кезге саяхаттап, естен кетпес балдәуренмен бөлісейін.

Тірлік

Әкем қарулы, бойы ұзын, қияқ мұртты, биязы жан. Кісі түгілі, жәндікке зияны жоқ. Мұны маған бәрі айтатын. Есімі – Мұратбек. Малды ауылда екі қоржын там отырдық. Көрші үйде жездем мен апам бала-шағасымен тұратын. Ал біз әлгінде келтіргенімдей, 7 адам болатынбыз. Әкем екі үйге де ортақ жәрдемін тигізетін. Қыстай Шиеліге көк трактордың тіркемесіне қара күйік, тораңғыл, қураған жидені рет-ретімен тиіп салып, сататын. Әлі есімде, бағасы 4 мың теңге болатын. Қасымызда туыстардың балалары, атамның інісі Абылайхан көкем отбасымызбен бірге өмір сүрді. Ол да көмектесетін. Бірақ көкемнің негізгі жұмысы қой, ешкі бағу еді. Түнгі сағат 1-2 шамасында жолға шығатынбыз. Өйткені, жол сақшылары, орман инспекторларының көзіне түспеуіміз керек. Түссек, табыстың барлығын соларға бересіз. Көк тракторды үйдің алдындағы биік төбеге қоятын. Егер пускашпен оталмаса, артқы үлкен, бүдір-бүдір балонынан сайға итеріп оталдыратын. Кей күндері байғұс тракторда шаршайды-ау деймін. «Оборот алмайды» деп, газын қайта-қайта басып сөндіретін.

Әкей мақталы шалбар, басына бөрік, үстіне тон киетін. Жәрдемшісі көкем. Өзі орта бойлы, Қожанасыр сияқты. Екеуінің ағалы-інілі болған бауырмалдығында шек жоқ еді. Көкемнің өз отбасы болмаса да, бізді өз бала-шағасындай көретін. Қыс осылайша ақ қар, көк мұзда, үскірік аязда өтетін. Әкей екеуіміз күнде таңертең суат оятынбыз. Тоғайдағы ірі қара су ішіп, ну орманға жайылатын. Қыс болса да, мияның басындағы сөгі (біздің өлкеде пәркі дейді) қып-қызыл күйінде қалады. Союу-союу сабақтарын айтсаңызшы, нағыз малға азық. Арасында қырғауыл мен қоянға шығады. Қасында Рекс пен Тузик те жүреді. Ит болса да атқан аң-құсты іздеп тауып, алдына әкелетін.

Қансонардың көкесін, ақұлпа түскенде көресіз. Жалпы, қысы-жазы азық-түліктен кенде болмайтынбыз.

Көктем шыға төрт-түлік төлдейді. Үй-жайдың айналасын тазартатын едік. Мал қорадағы қатып қалған мұз-қардан қи-көңді сыртқа шығарамыз. Әлгі көңді ескі арбамен есік алдындағы сайға төгеміз. Мен де жанында мықшындап қоямын. Әрі асса 5-6 жас шамасында екем. Шіркін-ай, әкей тіл қатпайды, қиналдым, шаршадым дегенді білдірмейді ғой. Бір күні дарианың қасынан шағын ғана жер аштық. Жерін қара күрекпен өзі аударып шықты. Қоршалды. Мотормен суғарды. Қара шірінді топыраққа еккен егін бітік шықты. Сол бау-бақшаның ішіне көк пияз, саржау, қарақуыш, картоп, қарбыз, жан-жағына жеміс екті. Жыл сайын егін-тегін бітік болатын. Бәлкім, тың жер болғандықтан шығар. Өлде күтімі, қопсытуы жақсы болды ма екен, кім білсін?! Бас-аяғы бақшаны 10 жылдай қолданды. Тіпті, туыстар қыдырып келсе, иранбақтай сезініп, ішінен шықпайтын.

Жазда Сыр өзеніне қармақ құратынбыз. Күн шыжып тұрады. Балықты ақ керсенге су құйып, аршитын. Құрт-майды көк белесепедпен 20 шақырымдағы аудан орталығына сатып келетін. Ортақшыл деген ауыл шамамен 10 шақырым болатын. Сондағы туыстарға атпен баратын. Қайтар жолда дүкеннен шай, қант-құмшекер, тіске басар ала келетін. Кей-кейде шешейдің бала-шағадан қолы тимесе, күбі пісіп, құрт-май жасайтын. Айранды керемет ұйытатын. Оны жер құдық қазып, соған салып қоятын. Шіркін-ай, ұйытқан айраны бал татитын еді ғой.



Басты міндет – жалпы адамзатқа ортақ қасиеттері құндылықтарды жастардың бойына сіңіру. Отаншылдық, білімге құштарлық пен еңбекқорлық, бірлік пен жауапкершілік сияқты қасиеттер дәріптелуі керек. Сондықтан, зиялы қауымды ел болашағына әсер ететін әрбір мәселеден шет қалмауға шақырамын.

Қ.К.ТОҚАЕВТЫҢ
«ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ
РЕФОРМАЛАР –
ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ
БЕРІК НЕГІЗІ» атты
Жолдауынан.

Күзде жұмыс қызады. Қар-жауын жауғанға дейін егін-тегін жинайтын. Ала жаздай құрылған киіз үй жиналады. Көрші жезде атаммен бірге тұзақ құратын. Қысқа қор жинайды. Өзінен кейін 5 інісі болса да, салмағын салмайды. Сондай биязы жан. Момындығы мен мейірімділігінде шек жоқ. Сол қасиетін кейбіреулер пайдаланып-ақ кететін. Күзде жан-жақтан отынға тапсырыс бере бастайды. Анамыздың Шолпан есімді жиен апасы бар. Өзі түрі суықтау. Бірақ жүрегі жұмсақ. Күйеуі нағыз фольклордағы аңғал кейіпкер дерсіз. Ол кісіні Бәжөк дейтін. Өзі ақкөңіл, бойшаң еді. Әкей екеуі бір-біріне өте жанашыр болатын. Қар-жаңбырда батпақтап трактормен барып тұрамыз, түннің бір уағында тұрып есік ашады. Осының бәрі сыйластықтың арқасы деп білем.

«Пыртылдақ»

Көзімді ашқалы қызыл тракторды көрдім. Онымен талай жерді шарладық. Ағайын-туыстың үйіне қыдырдық. Тіркемемен жүк тасыдық. Тым көп артылған заттарды мықшындап тартушы еді. Шамамен, 7-сыныпта рөлге отыруды үйрендім. Әкей қалай айдаудың жөнін айтып, көрсетіп жүрді. Ара-арасында үйреткені бойынша қайталап қоятынмын. Бәрі өзім үшін. Бүкіл ауыл біздің тракторды «пыртылдақ» дейтін. Оған құлағымыз үйренген. Сөйтсек, даусы пырт-пырт деп шығады екен ғой. Ауылдағылар қысқартып солай атаған көрінеді.

Ауылдың жазы ерекше ғой. Шіркін, таңғы шықпен шығатын саф ауасына не жетсін! Пыртылдаққа кәселке (шөп оратын құрылғы) тіркейтін. Сонымен, барша кісінің жоңышқасын, қамысын, жантағын оратын. Әкей ол үшін көп қаражат сұрамайтын. Қаншама жанға артығымен орады. Онысын кейбіреулер жасырған болады. Дегенмен, аядай өлкеде кімнің қанша шөп жиғанын біліп отыратынбыз. Сүйікті көлігіміз темір болса да, шаршайды екен. Арасында балоны жарылып, жүрмей қалатын. Қайтсін, әбден тозған ғой. Бұлай боларының да өз себебі жоқ емес. Жұрт еңбексіздігімен жарытып бере қоймайды. Түскен қаражат отбасына бөлінеді. Ал трактордың еншісіне жарым жарты ғана бұйырады. Әй, дегенмен, ризамын. Сыртта қалдырып көрген емес. Бұзылса да, ауылға жетіп жығылатын. «Жаны» адал еді...

Өткенде ауылға жолым түсті. Үй-жайға асығып келем. Бәрі мені күтіп тұрғандай. Ауладағы пыртылдақ көзіме оттай басылды. Көңілім елжіреп қоя берді. Жанарға жас толды. Қасында Құтжол итім байлаулы тұр. Ол да менің бұл үйге бөтен емес екенімді сезді. Құлағы қалқып, ойнақшып, ыт-

қып-ытқып қояды. Ертесіне әкей сол баяғы әдетінше тракторды оталдырды. 4 жасар інім үйден жүгіріп шықты. Әкемізге қарап, «мен де барам» деп, болмай тұрып алды. Ақыры тракторға отырып, рөлін анда-мұнда қозғап, мәз. Пыртылдақ еш өзгеріссіз. Сол баяғы қалпы. Газды басқан сайын оскырынады. Сыры кетсе де, сыны кетпеген, сырын білдіргісі келмейді. Дәп бір қартайған айғырдай. Көңілі тасып тұр, сеземін. Сүйегі темір болса да, жаны жұмсақ. Бұл – менің көңілімдегі айрықша сәт болды. Бұрынғыны еске алдым, сүйіндім. Ата-бала сабақтастығы бар екендігіне іштей қуандым.

Бір машина отын

Менің ата-анам ешқашан бізге қиналғандарын білдірмейтін. Десе де, үшеуіміз сезетінбіз. Телікөнде тұрмыс қиындады. Әке-шешемізде жұмыс бола қоймады. Екі қолға күректі өздері тапты. Егін екті. Соны аудан орталығына апарып сатты. Ақ сиыр мен қарақасқа қашарымыз болды. Соның арқасында айран-сүт үзілмейтін. Арасында шөп орып, сатты. Інісінің қоңыр «Газ-53» жүк көлігімен Мешееуілден сексеуілді қапқа реттеп салып, сатып жүрдік. Мұның жөні бір бөлек еді. Сенбі күні малшы ауылға барамын. Қандай көлік кездеседі, сонымен жетуге тырысамын. Бірде ағаларымыз өздерінің төрт түліктерін түгендеуге барады. Кейде жолы түскен жолаушыға ілесемін. Өйтеуір жетемін.

Бір күні сабақтан кештеу шықтым. Өрең дегенде туыстардың қызыл «Жигулимен» жеттім-ау. Мешееуілге кіріп келе жатқанда жартылай тиелген бір машина отынды көрдім. Көкем екеуі екі жақтап тиетті. Сол кезде Абылайхан көкемнің жасы 60-тан асқан екен. Інісіне адалдық танытып, барын салғаны байқалады. Жүрегім елжіреп кетті. Мені көріп қуанды. Бірақ аса білдіре қоймайды ғой. Осылайша егін ексе егінге көмектесем, отын тасыса отынға жәрдемдесем, жасым кіші болса да қолымнан келгенімді жасаймын. Мойындаймын, арасында тіл алмаған кездерім де болды. Дегенмен, отбасыма іштей жаным ашитын. Жалпы біздің отбасының балалары ата-анамыздан көп нәрсе сұрамайтынбыз.

Өзім жалғыз ұл болдым. Бала болсам да «маған бір нәрсе болса, әкеме қиын болады ғой» деп ойлаушы едім. Әкем де, мен де тағы бір атұстардың болғанын қаладық. Тілеп жүрдік. Қазір, Жаратқанға мың тәубе! 4 жасар інім бар. Өткенде, ауылға барып әкеміздің 50 жасын тойладық. Баяғы Мешееуілде тұрған кездерді, біздің балалық шағымызды, туыстары оның мейірімді адам, адал жар екенін айтты. Тілек білдірді.

ТҮЙІН:

Біздің бір ғана арнамыз бар. Ол – ата-анамызға зәулім сарайдай үй тұрғызу. Жақсы бір еңселі, ақ түсті темір тұлпар сыйлағымыз келеді. Шіркін-ай десеңізші, қаражатың болса, дүниенің төрт бұрышын кездіріп, барша арман-тілектерін орындар едім. Біз үшін соншама қиыншылық көрді. Түнімен ескі трактормен мұзды аяқ болып отын тасыды. Онысы бірде өтеді, бірде өтпейді де. Бірақ сездірмейтін.

Апам мен жездем, Бәжөк те оқыстан дүние салды. Балалары жан-жаққа кетті. Әкеміз 93 жыл ғұмыр кешті. Өмірде бар мейірімін төгіп, батасын беріп өтті. Көк трактор істен шықты. Қызыл трактор шаруаға жарап-ақ келеді. Ал Мешееуіл ағаларымыздың ұйғаруымен ауқатты адамға сатылды. Көкеміз бізбен бірге тұрып жатыр. Бәз-баяғыда бізді кішкентайымызда қалай бақты, ініме солай қарауда. Екеуі бір-біріне әбден бауыр басқан. Мен қолымдағы бар қаражатты жинап, Шиеліден жер телімін сатып алдым. Бұйырса, осы жазда үйдің іргетасын қалап, қабырғасын өріп, шатырын жабуды көздеймін. Ойлаған ниетіме жетуге талпынып жүрмін.

Қазір барлық бала-шағасы есейді. Әке-ана, біз сіздердің жасаған барша жақсылықтарыңызды білеміз. Жаратқан ие қаласа, бұл дүниеде ең тәттіні, ең мықтыны, ең жақсының жақсысын сыйлап, сіздерді аялап, перзенттік борышымызды қайтарамыз. Келеді сол күн – соны жүрегіммен сеземін. Іштей аңсаймын, тілеймін, шіркін, отбасымызда тек қуаныш, шаттық, бақыт орнаса екен деген ниеттеміз!



ЕСТЕН КЕТПЕС КЕЗДЕСУ

Сонау бала күнімізде «Алтыбақан» деген телевизиялық бағдарламаны асыға тосатын едік. Ол кезде мұндай сазды бағдарламаларды анда-санда мереке күндеріне орайластырып немесе жексенбі күніне туралайтын. Кеш түссе барлығымыз екі-ақ арнасы бар шағын теледидарға тесіліп, табиғат аясында алтыбақан теуіп, әуелете ән салған, ақсүйек іздеп, қол ұстаса қараңғылық қойнауына еніп кететін жастарға қызыға қарайтынбыз. Бейнебір қиырда жастар жиналып, алтыбақан теуіп жатқандай әсер алатын едік. Бүгінде сол «Алтыбақанның» жүргізушісі болған Жексен Қайырлиев те, Мәдина Ералиева да өмірде жоқ. Орны бөлек таланттарды елестеріп, еске алып жатқан және ешкім жоқ.

ӘН ЕРКЕСІ Мәдина



Рая
ЕСКЕНДІР

Біз кезінде Мәдина Ералиеваға еліктеп өстік. Біз үшін Мәдина күміс көмей әнші ғана емес, талай арудың жүрегіне арман ұялата білген дара ұстаз да болды. Әлде сол кездегі жастардың өнерге деген құштарлығы ерекше болды ма, өнерін ғана емес, бүкіл өмірбаянын жатқа білетін едік.

1954 жылы тамыз айының екінші жұлдызында Қызылорда облысы, Қазалы ауданында дүниеге келген Мәдина Есмалайқызының бүкіл өмірі көрерменнің көз алдында өтті. Өттең, көзі тірі болғанда бүгінде 68-ге толып, немерелерінің ортасында ақ жаулықты әже атанып отырар ма еді...

Мәдина Ералиева 1974 жылы Қызылорда педагогика училищесінің музыка бөлімінен соң 1978 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының Музыка факультетінде оқып, білім алады. 1978–1984 жылы Әдебиет және өнер институтында қызмет етіп, 1985 жылдан өмірінің соңына дейін Алматы облысы филармониясының жетекші әншісі болады. Осынау тынымсыз еңбек пен ізденіске толы жылдар үшін мемлекет тарапынан әншінің еңбегі жоғары бағаланып, 1990 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі атағын алды.

Мәдина Ералиева өзіндік үнімен көрермендерінің жүрегін баурап алған санаулы әншілердің бірі болды. Содан да шығар, халқы әлі күнге дейін күміс көмей әншісін ерекше құрмет тұтады. Мәдинаның өзіне тән әншілік мәнері, өзіндік орындау ерекшелігі бар. Содан да болар, Мәдинаның орындаған әндерін басқа әншілер орындап жатса, біртүрлі «жетімсіреп» тұрғандай болып естіледі. Мәселен, Мәдина салған «Ақбаян», «Кірмеші жиі түсіме», «Жылқы ішінде ала жүр», «Сағым жылдар», «Күрең күз» сынды әндері халық жадында сақталып, ел аузында әлі күнге дейін орындалып келеді.

Осыдан біраз жыл бұрын 2013 жылы Мәдина Ералиева жайлы кітап

жарық көрді. «Қазақтың Мәдинасы» деп аталған кітаптың жарық көруіне журналист Рауан Тұрғантай үлкен еңбек сіңірді. Жинаққа Мәдина Ералиеваның шығармашылығы мен отбасы жайлы естеліктер топтастырылып, халқымен қауыштырған еді.

Мәдина Ералиеваның әлі күнге дейін қазақтың «Ақбаяны», «Ән еркесі» атанып, ел аузында жүруі заңды құбылыс. Өйткені, бір басына бірнеше қасиет қонған әншінің бойынан талант, мінез, адамгершілік, ақыл мен парасаты қатар табуға болады. Оған сұлу сымбат пен кескін-келбетті қосыңыз. Әншінің туған сіңілісі Сағира Ералиева:

– Мен Мәдинаның арқасында ешқашан қиындық, жоқшылық, тіпті жетімдіктің өзін сезінген емеспін. Мәдина өте тез, әрі үнемі асығып жүретін. Өте ұқыпты, бір сөзді еді ғой. Өмірінің бір сәтін де текке өткізген емес. Тиімді өткізуге тырысатын. Қайда барса да, бізге үйіп-төгіп сарқыт әкеп тастайтын. Қаржыдан да қысылған емеспіз. Ол тек маған ғана емес, көмек сұраған кез келген жанға солай қолын созатын. Көмек көрсетуге асығып тұратын. Мәдинаның мына бір сөзі әлі күнге дейін құлағымда қалыпты. Ол кейде біреулерге ренжігенде «Саған біреу көмек қолын созғанда, жалма-жан ұстап, ұмтылу керек қой. Сенің көмегіңе қырын қарап, өзім білем деген қиырларды одан әрі итеріп жіберу керек» дейтін еді», – деп еске алады.

Әншінің ең жақын құрбысы Зекеш Жұматқызы «Қазақтың Мәдинасы» кітабында Мәдина туралы былай деп толғанады.

«Мәдина мен үшін сырлас, мұңдас құрбы ғана емес, ақылшым еді. Ол достыққа қандай адал болса, адамдарға да сондай сенгіш болатын. Адам баласының қайраттысы десем, қателеспейтін шығармын. Олай дейтінім, ол әйел затына тән сұлулық пен нәзіктікті бойына үйлестіре алған асқан сезімтал жан бола тұра, соншалықты дәрежеде ерекше қайратты, шыдамды еді. Мен оның өмірге деген құштарлығына қызығатынымын. Қашан болсын күліп,

жарқырап, айналасына нұр шашып жүретін. Әрдайым «Әйел қашан да қанша жаста болса да, сұлу болуы керек» дейтін. Құрбылар болған соң бір-бірімізге кеңес беріп жатамыз ғой. Ол Мәкеш екеуміздің әдемі болып жүруімізді қалайтын. Айналасындағы адамдардың жақсы істерін көре білетін, өзгенің қуанышына ортақтаса алатын, кеңпейіл еді», – деп еске алады.

Дегенмен, көзден кетсе, көңілден де кетеді екен. Бүгінде әншіні еске алып, іздеп жатқан ешкім жоққа тән. Осындайда «барында бағанды асырғандар, көзің кетсе ұмытар заттың парқын» деген өлең жолы еріксіз еске түседі екен. Әншімен таныстығы туралы сол кездері МАИ қызметкері болған Береке есімді жігіт ағасы жиі еске алып отырады.

– Бірде «Достық» даңғылының бойымен бір үлкен көлік жүйткіп келеді екен. Дереву тоқтатып, құжатын тексермекке бет алдым. Әлгі машина ішінен бір әйел басын шығарды. Түрі таныс сияқты, көзінегін шешіп: «Әй, балалар, мына апаларыңның кейде өстіп, еркелеп кететіні бар. Немене соншама, ереже бұздым ба?», – дегенде, ғана әлгі кісінің Мәдина Ералиева екенін таныдым. Ол кезде қазіргідей ұялы телефонды ала сала, суретке түсу деген жоқ. Әнші апамыз қолымызға бір-бірден ән таспасын ұстата салды. Жұлдызбен жолымыз түйіскенге біз де мәз боп қала бердік. Содан кейін-ақ ақ машина көрінсе болды, «Мәдина апай емес пе екен?», – деп ішіне үніліп қарайтын әдет таптық. Тіпті, теледидардан көре қалсам да «О, Мәдина апай ғой» деп ежелден таныс адамдар сияқты өзімсінетінді шығардым. Бірде кенже қарындасым: «Аға, сіз ғой Мәдина апайды танысыз. Менің де әнші болғым келеді, бір ауыз айтып көрсеніз, бәлкім көмектесіп жіберер?», – деп өтініш жасады. Шынында, қарындасымның даусы әжептеуір жақсы еді.

Содан не керек, күнде Мәдина апамның жолына қарап, аудитынды шығардым. Ақыры, Мәдина апаймен тағы да бір кездесудің сәті түсті. Бірақ бұл жолы өткендегідей емес, түсі суық, өзі қатулы сияқты көрінді. Қолындағы ұялы телефонымен біреуге ренжіп, қатты-қатты сөйлеп жатты. Арасында орысшалап қояды. Сондағы ұққаным, Мәкеңе біреу ақша қарыз. Соны уақытымен қайтармаған сыңайлы. Ең соңында әлгі кісіні бір-екі рет «тұздықтап» жіберді де, маған бұрылды. «Әй, сен немене, қарауыл құсап неғып тұрсың?» дегені. Бағанадан бері айтқалы тұрған «бұйымтайым» жайына қалды. Сасқанымнан «құжатыңызды көрсетіңіз» деппін ғой. «Жоқ, құжат. Немене, бағанадан бері сол үшін тұрсың ба? Адамды жолынан қалдырып», – деп, газды басып қалғанда, ұшып түсе жаздағаным. Әнші апамды содан кейін мен де көрмедім. Ол кісі де көрінбеді. Бір күні кезекті жұмыс барысында ақпұ-әнші Мәдина Ералиеваның жол апатынан қаза болғанын естігенде, қатты күйзелдім. Көз алдымда сол баяғы аппақ көлігі мен көзәйнек киген Мәдина Ералиева бейнесі қалды, – дейді.

Осыдан біраз жыл бұрын Мәдинаның өнердегі жақын досы болған Майра Ильясова үлкен азаматтық жасап, «Ақбаян» деп, еске алу кешін өткізген еді. Кеш бойы Мәдинаның бойындағы жақсы қасиеттерді айтып тауысу мүмкін болмады. Жылдар өткен сайын оның бейнесі де алыстап, аңызға айнала бастайды екен.

Мәдина 2000 жылдың 27 қарашасында көлік апатынан қайтыс болған күні табиғат та бір жамандықты сезгендей түнерді де тұрды. Күздің соңғы айы. Әлде өзі айта беретін «Қош енді, қош бол, күрең күзі» осы ма екен?..

Ғұмырының соңғы жылдарында «Күрең күз» әнін шырқаған Мәдина да, сөзін жазған ақын Мұқағали Мақатаев та, әнін жазған Гүлнар Дәукенова да өмірде жоқ, тек өлмес ән ғана қалды.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



ЗАМАНСӨЗ

«Ахмет ұсынған қазақ әліпбиі 1912 жылдан бері қазақ-орыс мектептерінде, сондай-ақ, мұсылман медреселерінде оқытылды. Кейін, 1915 жыл Ахмет енгізген қазақтың төл жазуымен басылған 15-ке жуық кітап жарық көрді. Аханның аталған еңбектері және сол уақытта шыққан қазақша кітаптарда жаңа терминдер көрініс тапқан. Мысалы, дәйекше, әріп, дыбыс, жуан дыбыс, жіңішке дыбыс, түбіршек тіл, жалғамалы тіл, қапармалы тіл, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымша секілді жаңа сөздер жазылған. Олардың тіл біліміндегі алар орны да кеңінен айтылып, жаңаша бағытта өрбіді. Біртіндеп қазақ қоғамына жол бастаған қазақ тілінің ұлттық әрі тұңғыш графикасын зерттеп, жаңаша бағытқа шығарып отырды. Қазақ тілінің фонетикалық болмысына лайықталған араб таңбаларының әлі де олпы-солпы жерлері бар еді. Баспа, полиграфия талаптарына байланысты кейбір сәйкессіздіктерді реттеп, оны ұлттық жазуға айналдырады. 1924 жылы ресми түрде жаңа жазу түрі қабылданып, 1939 жылға дейін қазақ халқының сауатты әліпбиіне айналды».

Өмірзақ АЙТБАЙҰЛЫ.

ҰЛТ ҰСТАЗЫ ТУРАЛЫ 10 ДЕРЕК

1920 жылы тамызда құрылған Қазақ АКСР үкіметінің құрамына енген Ахмет Байтұрсынұлы 1920-1921 жылдары Қазақ АКСР Халық ағарту комиссары қызметін атқарды.

Ахмет Байтұрсынұлы Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды.

Алаш Орда құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезінде Оқу-ағарту комиссиясы құрылып, оның төрағалығына Ахмет Байтұрсынұлы сайланды.

1919 жылғы наурыз айында да Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды.

Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-революциялық комитеті төрағасының орынбасары лауазымына тағайындалды.

Ахмет Байтұрсынұлының ықпалымен Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес үкіметінің кешірімі жарияланды.

1920 жылы Ленинге үкіметтің Қазақстанды басқару ісіндегі алғашқы қадамын қатал сынға алған хатын жолдады.

Қазақ революциялық комитетінің мүшесі ретінде Қазақстан-Ресей шекарасын бекіту ісіне белсенді түрде араласқан.

Бүкілресейлік Орталық атқару комитетінің 1919 жылғы 27 тамыздағы «Қостанай уезін Челябинск облысына қосу туралы шешіміне» қарсы Ахмет Байтұрсынұлының жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болған.

1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922–1925 жылы Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы қызметтерін атқарды.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

«Дүниеде ешбір тіл өз-өзінен шықпайды. Дүниеде ешбір тілді бір шешен кісі ойлап шығарған жоқ та, шығармайды да. Тіл деген нәрсе қалың елдің күндегі тұрмыс қазанында қайнап пісіп, дүниеге келеді. Сонан соң ғана шешендер, «тіл көсемдері» тілді безеп, жасалға-жәонге салып, жүйесін айырып өстіреді. Сондықтан әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, ол әдебиет адасып кетпек, енді ғана өсе бастаған қазақ әдебиетін алғанда, мұны естен шығармау керек...».

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.
«Қазақ» газеті.
1913 жыл.



МӘСЕЛЕ

ӘЛІМЖЕТТІК ПЕ, ӘЛДЕ ӘДЕПСІЗДІК ПЕ?

«Қазақтелеком» өзіне қатысты кез келген мәселенің түйінін неге өзінен емес, өзгеден іздейді?

«Қазақтелеком» мекемесінің қызмет көрсету жұмысын сынға алған мақалаларымыздан кейін «Alatau Aqparat» ұжымының редакцияларына ұлттық оператордың Алматыдағы бөлімшесіне көңілі толмайтын оқырмандарымыздан шағым хаттардың жаңа легі келіп түсті. Редакцияға шағымданғандардың көпшілігі – өмірде талай көйлек тоздырған құрметті жастағы біздің оқырмандарымыз. Олардың көпшілігі ұлттық байланыс операторының өз қызметтерінің құнын ашық түрде «өсіретінін», сөйте тұра байланыстың лайықты сапамен қамтамасыз етпейтінін, не өз қызметтерін мүмкіндігінше немқұрайлы жасайтындарын айтады.

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР
«АЛМАТЫТЕЛЕКОМҒА»
НЕГЕ НАРАЗЫ?

89 жастағы зейнеткер Аблимит Жаппаров Ұлттық байланыс операторының «кіші баласы» – «Алматытелекоммен» қандай шиеленіскен қарым-қатынаста екенін баяндап берді. Ол редакциямызға «Алматытелеком» басшылығына жазылған мәлімдемені және оған «Бөлшек бизнес бойынша дивизионнан» берілген жауапты көрсетті – «Қазақтелеком» АҚ-ның тағы бір филиалы осылай аталады. «Дивизион» сөзінің өзі милитаристік мағына береді, осыдан-ақ отандық байланыс операторы тұтынушыларымен өз пайдасы үшін қандай да дауға баруға дайын екені және жалпы қандай идеология ұстанатыны көрінетіндей сезім туады.

Аблимит Абдуллаұлы «Алматытелеком» басшылығына жазған хатында оны телефон арқылы компания қызметкері басқа оператордан бас тартуға және «Қазақтелеком» қызметтеріне ауысуға қалай көндіргені туралы баяндайды. Зейнеткер әдепкіде байланыс операторы қызмет-

керінің арбау-ұсынысына келісіп, алданып қалғанын айтады.

– Мен ай сайын және бірнеше мәрте қызметтерді төлеуге ресми шот жіберулеріңізді сұрап келемін. Оған қарамастан маған қалалық телефон арқылы төлем сомасын ауызша хабарлау жалғасуда. Мен 89 жастамын, екінші топтағы мүгедекпін, айына бір рет пошта бөлімшесіне коммуналдық төлемдерді төлеу үшін барамын, – делінген зейнеткер мәлімдемесінде.

«БҮЛ – ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘРТІПТІ
ӨРЕСКЕЛ БҮЗУ»

Ол «Алматытелеком» қызметінің төлемі туралы жазбаны түбіртекке қосуды бірнеше рет сұраған. Зейнеткерге әр жолы уәде беріледі екен, алайда ештеңе өзгермейді.

– Бұл қаржылық тәртіпті өрескел бұзу болса да, төлем сомасын ауызша хабарлау біраз уақытқа жалғасты, – деп шағымданады зейнеткер.

2022 жылдың ақпан айында құрметті жастағы алматылықтың өтініші орындала-

ды – төлем түбіртегінде «Алматытелеком» бойынша жазба пайда болды. Бірақ... бұл қағазда 450 теңге өсімақы есептелген. Зейнеткер мұны адамды қорлау деп санайды.

– Төлем шотын ұсынбай тәртіпті бұзған сіз, менің жүйкемді жұқартып қызметтерді үнемі өшіремін деп қорқытқан да сіз, менің коммуналдық төлемдер туралы түбіртекке ай сайынғы төлем бойынша жазбаны қосу туралы өтінішімді елемеген де сіз. Сонда мен не үшін айыппұл төлеуім керек? – деп Аблимит Жаппаров «Алматытелеком» басшылығына жазған хатында таңданысын білдіреді.

САПАСЫЗ ҚЫЗМЕТ –
ЖАУАПСЫЗ ҚЫЗМЕТКЕР...

Алматылық ақсақалдың бұл наразылығына тек бір айдан кейін ғана жауап берілген.

– 21 шілде күні маған көптен күткен жауап келді (көшірмесі сақтаулы – редакция). Шынымды айтсам, олар менің өтінішімді қарап, өздеріне де, маған да пайдалы болатын шешім шығарады деп

күттім. Бірақ маған берілген бір жапырақ қағазда жауаптың не нөмірі, не күні, тіпті лауазымды адамның қойылған қолы жоқ. Бұл «Қазақтелеком» қызметкерлерінің толық жауапсыздығын көрсетеді. Ұлттық оператордың түсінігінше, егер хабарлама жеткізілмесе «Қазпошта» кінәлі, сондай-ақ хабарламаның бар-жоғына қарамастан «Қазақтелеком» қызметіне ақы төлемеген абонент кінәлі. Ал Қазақтелекомның өзі «сүттен ақ, судан таза», – дейді зейнеткер.

Аблимит Жаппаров ақпан айында «Алматытелеком» бөлімшесіне барған. Оған байланыс операторының қызметкері түпкілікті есеп айырысу сомасы – 4449,48 теңге болғанын өз қолымен жазып берген. Сонымен қатар, осы сомма өтелгенде оның ешқандай қарызы болмайды деп уәде берген, алайда наурыз айында – 233,47 теңгеге абоненттің қайта қарызы шығады.

– Біз, тоқсан жастағы қарттар мен зейнеткерлер, ұялы телефонды негізінен туыстарымызбен және жедел жәрдем бөлімшесімен сөйлесу үшін қолданамыз. Осымен телефондағы бар қажеттілігіміз аяқталады. Сондықтан «Қазақтелекомның» жауабынан ғана мен 24-тармақ (телекоммуникация қызметтерін көрсету шарты – редакция) бойынша шот не төлем туралы түбіртек ұсынылмаса да, барлық қызметтерге ақы төлеуге міндеттелінімді білдім. Қазір бұл тармақ «...ешқандай қызмет көрсетілмесе де» деген сөздермен толықса да таңқалмас едім, – дейді зейнеткер.

АРДАГЕРЛЕР ҚАМҚОРЛЫҚ
ПЕН ҚОЛДАУҒА ЗӘРҮ

Сөз соңында Аблимит Жаппаров редакциямызға тағы бір зейнеткердің оқиғасын айтып берді. Ол кісі мүмкіндігі шектеулі жан болса да өзі еңбек ардагері. Оған өзін «Қазақтелекомның» қызметкері деп таныстырған бойжеткен хабарласып, ардагердің телефоны басқа байланыс түріне ауыстырылатынын айтып, электр қуаты жоғалған жағдайда байланыс өшетінін ескерткен. Ардагерге әрдайым медициналық көмек және байланыс қажет болғандықтан, мұндай өзгерістерден бас тартқан. Дегенмен, оны тыңдаған ешкім болған жоқ, оның телефоны... жай ғана өшіп қалған.

Аблимит Жаппаров қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшесі ретінде жолдасына көмектесуге тырысып, «Қазақтелекомға» тынымсыз қоңырау салады. Бірақ зейнеткерді елеп-ескерген, естіген ешкім болмады. Содан кейін оның телефоны істемей қалды...

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

РҰҚСАТ ЕТІЛМЕГЕН ЖЕРДЕ
ШОМЫЛМАҢЫЗ

Қалада шомылу маусымы басталғалы тыйым салынған орындарда 4 адам суға батып кетті

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, маусым айында қаланың рұқсат етілмеген жерлерінде шомылғаны үшін 15 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Алкогольді ішімдіктер ішкені немесе мас күйінде қоғамдық орынға шыққаны үшін 38 адамға, жалпы сомасы 291 мың теңгеге айыппұл салынды. Сайран су қоймасында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 412-бабы («Су

айдындарындағы қауіпсіздік ережелерін бұзу немесе орындамау») бойынша ТЖД қызметкерлері әкімшілік хаттама толтырып, 3 адамға айыппұл салды.

«Алматыда шомылу маусымы басталғаннан бері Сайран көлінде 11 адам құтқарылды, оның ішінде 2 бала бар (2021 жылы 11 адам, оның ішінде 4 бала құтқарылған болатын). Еске сала кетсек, 2021 жылы жаз мезгілінде су айдындарында шомылуға тыйым салынған орындарда 4 адам, оның ішінде бір жасөспірім суға батып кеткен болатын», – делінген ТЖД хабарламасында.

Осы орайда қалалық Төтенше жағдайлар департаменті қала тұрғындары мен қонақтарын суға түсу ережелерін бұзбауға, рұқсат етілген жағажайларда ғана шомылуға шақырды. Қазіргі уақытта қалалық Төтенше жағдайлар департаменті, Республикалық жедел құтқару жасағының қызметкерлері жергілікті полиция қызметі, Ұлттық ұлан және еріктілермен бірлесіп, су айдындарында патрульдеу және рейдтік іс-шаралар жүргізуде.



ҚЫЛМЫС

Бұл туралы ҚР Ішкі істер министрлігі Криминалдық полиция департаменті үшінші басқармасының аға жедел уәкілі Сағындық Жантеміров мәлімдеді.

ПӘТЕР ТОНАУ
ҚЫЛМЫСЫ АЗАЙҒАНГүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

«Қабылданған шаралар нәтижесінде соңғы 5 жылда пәтер тонау қылмыстары 33,4 пайызға азайды. 2017 жылы 37 мыңнан астам қылмыс тіркелсе, 2021 жылы 12 мың шамасында болды», – деді С.Жантеміров онлайн-брифингінде.

Оның сөзіне қарағанда, биыл да аталған қылмыстардың азаюы байқалады,

яғни 4,4 пайызға төмендеген. Сондай-ақ, пәтер тонау қылмыстарының ашылу деңгейі 5,6 пайызға жақсарған.

Бөтеннің мүлкін ұрлауды кәсіп еткендер пәтерге бұзып кіру тәсілдерін үнемі жетілдіріп отырады. Олар заманауи техниканы, мобильді байланысты, арнайы құралдарды пайдаланады. Көп жағдайда пәтер тонау қылмыстары күндіз жасалады. Ол уақытта үй тұрғындары жұмыста немесе оқуда болатыны белгілі.



ЖОЛСАПАР КҮНДЕЛІГІ

Тарихы бай Ташкент

Қазақ даласы шежіреге толы мекен. Талайға құтты қоныс болған бұл қасиетті өлкеде көптеген шежіре мүлгіп жатыр. Оның сырын ашып, күллі дүниеге паш ету – кезек күттір-мейтін іс.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Жаһан ғажайыптардан тұрады. Көрген сайын көргіңіз келіп, кезген сайын кезгіңіз келе береді. Өйткені, тылсым табиғат, тарихи ғимараттар, ежелден келе жатқан ескі шаһарлар кім-кімге де таңдай қақтырмай қоймайды. Ол үшін арнайы сапар жасап, барған жерлеріңізді суреттеп жазып, мүмкін болса, сурет, видеоға түсіріп қойған абзал. Мұның бәрі естелік болады.

Естелік – адам жадының ғажап сыры секілді. Дәл сол болып жатқан оқиғаны есте дәлме-дәл сақтап қалу мүмкін емес шығар. Өйтсе де, ең қызықты, кей сәттер есте мәңгі сақталады. Сондықтан әрбір барған жерден, аралаған елдеріңізден ләззат алып қалуға тырысу қажет. Олай дейтініміздің өз себебі бар. Егер Дубай, Лондон, Сингапурға сапарласаңыз, неге естелік жазбасқа?! Біздіңше, міндетті түрде жазу керек. Сіздің жазғаныңызға қарап, өзгелер өзіне мотивация алады. Бастысы, ешкімнің қытығына тиетіндей болмаса болғаны. Өзіңіз де сыртты кезіп жүрсіз, екінші рет ондай мүмкіндік туа ма, тумай ма, кім білсін?! Сол себепті, ешкімнің айтқанына қарамай, өз ойлағаныңызды жүзеге асыра беріңіз.

Қазақ-өзбек байланысы тереңде жатыр

Халқымыз «өзбек – өз ағам» дейді. Ал олар «жолдасың қазақ болса, жолдан адаспайсың» деп пайымдайды. Біздің халықтарымыздың тарихы, мәдениеті, әдебиеті, тілі мен ділі ортақ.

Біз ортақ байланысты Өмір-Темір мұражайынан да байқадық. Одан XIV- XV ғасырларға жататын қыш құмыралар, ат-өзбелдері, ұлттық шапандар, түрлі т.б. ою-өрнек стилін байқадық. Сонымен бірге, Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіндегі бейнелер, сырт келбеті, күмбезі, түрі-түсі – бәрі-бәрі шығыстық стильде салынған. Мұны көрген билеуші Ақсақ Темір Өзірет Сұлтан бабамызға арнап тұрғызған. Дәл осындай ұқсастықтарды Ташкенттегі мешіт пен медреселерден көрдік. Жалпы, ортақ дүние көп. Соның бірегейі – тілімізде. Біз ешқандай қысылмай таза қазақша сөйледік. Бір жағынан алғанда түсінісуге өте жеңіл болды. Білген жанға қазақ пен өзбек бауырлас һәм ауылы аралас, қойы қоралас жұрт демекпіз.

Ташкент күнделігі

Орталық Азияға сапарлаған Еуропа, араб, парсы, қытай саяхатшылары естеліктерін тамсана жазып қалдырған.

Жуырда кезекті еңбек демалысын алып, ұзақ жолға сапарлауды шештім. Негізі, мұны көптен бері ойластырып жүргенбіз. Әйтеуір ыңғайы келмей, арты сиырқұйымшақтанып



кететін. «Сабақты ине сәтіммен» дегендей, ойлағанымыз осы жолы орындалды. Ұшаққа 1 ай бұрын билет алдық. Сөйтіп, таныстарымызбен бірге Өзбекстанға сапар шектік. Әуеде ұшып бару ұзақтығы 1 сағат 20 минут екен. Өне-міне дегенше, біз мінген әуе көлігі Ташкент әуежайына табан тіреді. Ығы-жығы адам. Оның үстіне әрлі-берлі қатынап жатқан көліктер. Бізге айрықша әсер еткені – ыстық ауа райы болды. Тым қапырық екен. Ыстық бірден бетке ұрды. Біз ауа жұта алмай жүрсек, жергіліктілер емін-еркін жүр. Соған қарап әркімнің өзінің туған жері өзіне жайлы деген сөз рас қой деп ойладық та қойдық.

Әуежайдан такси жүргізушілері қарсы алды. Әрқайсысы өз бағасын ұсынып бағуда. Қанша дегенмен шетелдік қонақ болған соң қымбат айтқаны түсінікті жайт. Сондықтан оларға аса өкпе жоқ. Қонақүйге орналастық. Бізге жақын жерде Magic city саябағы бар екен. Саябақ кешқұрым бала-шаға, отбасы, қыз-жігіт болып қыдыратын орталық екен. Орталығында үлкен субұрқақ орналасыпты. Айналыра мейрамханалар салынған. Сыртта отырып кешкі ас ішуге де болады. Құнара кешкісін сонда барып тұруды әдетке айналдырдық. Көбіне жаяу барып-қайтып жүрдік. Жаяу серуен құрсаныз, түнгі салқын саф ауа мұрныңызды жарады. Өзіңіз де демалып, әжептеуір тынығасыз.

«Ташкент сити» дейтін жаңадан салынып жатқан саябаққа да бардық. Ол жерде де дәл осы көрініс. Бір артықшылығы, онда субұрқақтың айналасын түрлі биік-биік ғимараттар, элиталы тұрғын үйлер қоршап жатыр екен. Шорсу базары, Ташкент телемұнарасы, Өмір-Темір мұражайы, Өлішер Науан кітапханасы, т.б. жерлерді қызыға араладық. Бір байқағанымыз – әр жерден өзіміздің жергілікті қандастарымызды кездестірдік. Қанша дегенмен көзге ыстық көрінеді. Олар да бізге жылы шырай танытты. Қандастарымызды елге оралуға да шақырдық.

Елдің көбі атақты «Бесказан» палау орта-



лығына баруды меңзеді. Бір күні уақыт бөліп оған да бас сұқтық. Ол жерде үш түрлі палау пісірілетін көрінеді. Соның бәрін алдыртып, дәм таттық. Дәмі тіл үйіреді.

Ең бастысы, шаһар өте таза екен. Көшелерінде бей-берекет шашылып жатқан қоқысты байқамайсыз. Бәрі жинақы. Баршасы өз ретімен қаз-қатар тізіліп, түнгі мезгілде шамдары жарқырап тұр. Нағыз туристерге қолайлы қала. Қалтаңызды да қақпайды. Сонысымен де құнды болса керек-ті.

Бабалар ізі...

Бұл дүниеден хан да, кара да, батыр да, ақын да өткен. Бұл қаладағы баһадүрлердің ізі қазірге дейін сақталған. Оның куәсі солар салған шаһарлар, құнды жәдігерлер мен кітаптар дер едік.

Жергілікті халық Ташкентті «тасты қала» деп атайтын көрінеді. Өйткені, «таш» – тас деген ұғымды білдірсе, «кент» – қала мағынасын береді екен. Бұл шаһарды бұрындары арабтар, парсылар, бергінде жоңғарларға дейін жаулап алған кездер болыпты. Көне мекен Ұлы Жібек жолының бойындағы басты сауда орталықтың бірі болыпты. Сондықтан мұнан Еуропа мен Азия мұраларының көп сырын байқай аласыз. Көбіне ортағасырлық стильді көресіз. Дегенмен, Кеңес заманының қолтаңбалары жоқ емес.

Ашық дереккөздерде Ташкент қаласы Тянь-Шань тауларының батыс етектеріне жапсарлас жатқан сулы жазықтықта, Шымкент–Самарқан жолының бойында орналасқаны айтылады. Маңындағы Шыршық өзені тағы бірнеше өзендермен қосылады. Қаланың өзі қалың (15 метрге дейін) аллювийлі шөгінді жыныстардың үстінде жайғасқан. Тектоника-

лық жағынан қала өте белсенді жерде тұр. Сол себепті, жер сілкінулері сирек емес. 1966 жылы болған зілзаладың күші Рихтер кестесі бойынша 7,5-ке жетті. Сол кезде көптеген адам зардап шеккен. Сол тұста Кеңестер Одағының бүкіл республикасы өз жәрдемін беріпті. Тіпті, Жапония көмек көрсеткен көрінеді. Осыдан соң қала қайта түлеген деседі.

Қарлығаш би

Бұл дүниеде адамзатқа нұрын шашқан небір ділмар ғұмыр кешіпті. Олардың үлгілі істері әліге дейін аңыз болып айтылып келеді.

Қазақ халқының төбе биі саналған Төле бидің кесенесі Ташкенттің қақ төрінен мәңгі қоныс теуіпті. XVIII ғасырда қазақ хандығы тұсында ел билеген абыз жоңғар шапқыншылығы кезінде талай халыққа пана болып, елді ішкі-сыртқы дау-жанжалдан аман сақтапты. Бір деректерде әйгілі Абылай ханды бала күнінде тәрбиелеген деген аңыз кездеседі. 17 жыл бойы Ташкенттің әкімі болып қызмет атқарыпты. Қарамағындағы халықтарды ынтымаққа, бірлікке, татулыққа үндепті. Ешкімнің маңдайынан шертіп, бөле-жара қарау болмапты. Тағы бір әфсанада жау жағадан алғанда Төле би киіз үйдегі қарлығаштың ұясын бұзбай, атақонысын тастамапты. Осындай аңыз-әңгімелер жиналып, осыдан барып Қарлығаш би немесе Қарлығаш әулие атаныпты деседі. Кім білген... десе де әр аңыздың артында бір шындық бар деген де рас.

Қос мазарат тұр. Сырты қоршалған екен. Соның арғы жағындағысы Төле би бабамыздың жатқан кесенесі көрінеді. Қазақтың Төбе биінің басына барып дұға жасадық. Қазақтың рухы мен болашағына байланысты жазылған сөздер көзімізге түсті.

ТҮЙІН:

Саяхаттау адамның тынысын ашады. Ел ішінде «Атың барда – жер таны желіп жүріп, асың барда – ел таны беріп жүріп» дейді. Осы сөзді қазақ атам текке айтпаса керек-ті. Уақыты мен сәті келгенде тынығуға берілген мүмкіндіктен айырылмаңыз. Өмір – көріп, саяхаттаған сайын қызық бола түседі.





ФУТБОЛ

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ ЖҰЛДЫЗДАРҒА ТОЛДЫ

Алматының Орталық стадионында Қазақстанның ойын мансабын аяқтаған атақты футболшылары өнер көрсетті.

«Super Bol» әлеуметтік-футбол жобасының ойыншылары Алматының Орталық стадионында Қазақстанның 2006–2008 жылдардағы құрамына қарсы достық ойын өткізді. Магтың арнайы қонақтары ретінде нидерландық маман Арно Пайперс, сонымен қатар мадридтік «Реал» мен миландық «Интердің» экс-ойыншысы Эстебан Камбьяссо келді.

Айта кеткен жөн, «Super Bol» – ел ішіндегі талантты ойыншыларды іздейтін, болашақта олардың кәсіби футболшы болуына және шетелдік немесе отандық клубтармен келісім-шартқа қол қоюына жол ашатын әлеуметтік жоба. «Super Bol» ұйымдастырушылары бірнеше апта бойы Қазақстанның 8 қаласын кастингпен аралап, 16–25 жас аралығындағы 25 үздік ойыншыны іріктеп алған. Жоба Семейде басталып, Павлодар – Ақтөбе – Ақтау – Шымкент – Тараз – Нұр-Сұлтан – Алматы бағыты бойынша жүріп өтті.

Қазақстанның аңыздар құрамында алаңға Самат Смаков, Давид Лория, Нұрбол Жұмаскалиев, Андрей Карпович, ағайынды Азов-

скийлер, Фархадбек Ирисметов, Дмитрий Бяков, Александр Кучма, Максим Жалмагамбетов, Қайрат Әшірбеков, Данияр Мұқанов, Сергей Бойченко, Юрий Новиков, Игорь Солошенко, Руслан Балтиев, Эдуард Сергиенко және де ұлттық құраманың 2006–2008 жылғы басқа да ойыншылары шықты.

Жаттықтырушылар орындығында ардагерлердің ойынына Арно Пайперс басшылық жасады. Қазақстан құрамасының жұлдыздары үшін мадридтік «Реал» мен миландық «Интердің» экс-ойыншысы Эстебан Камбьяссо өнер көрсетті. Сондай-ақ, ойынға екі жылдық дисквалификацияны өтеп жатқан Қазақстан құрамасының экс-капитаны Бауыржан Исламхан да қатысты.

Ойынның 15-минутына қарай аңыздар құрамасы қарсыластарынан 0:3 есебімен жеңіліп жатты

(голдар 10, 12 және 15-минуттарда соғылды). Ал 34-минутта төреші белгілеген пенальтиден кейін есеп тіпті 0:4 болды.

Үзілістен кейін Қазақстан футболының ардагерлері қайта белсенділік танытып, жаңа күшпен ойынға қосылды. Алдымен 54-минутта Нұрбол Жұмаскалиев көзге түсті. 68-минутта Камбьяссоның тамаша пасынан кейін Исламхан гол соқты. 80-минутта жұлдыздар командасының пайдасына қойылған 11 метрлік айып добынан кейін Мұрат Тілешев тағы бір гол соқты. Ал 90-минутта Қайрат Әшірбеков есепті теңестірді. Нәтижесінде достық кездесу 4:4 есебімен аяқталды.

Айта кеткен жөн, «Super Bol» әлеуметтік-футбол жобасы мен бұл достық матчы ҚР Президенті жанындағы «DARA» дарындыларды қолдау қорының демеуімен ұйымдастырылды.



ДЗЮДО

Нәтиже – 8 медаль!

Елордада өткен кезекті Азия чемпионаты өз мәресіне жетті.



Данияр Шамшаев үздік болды. Финалда Өзбекстан спортшысы Муроджон Юлдашевті жеңген жерлесіміз осы жарыстағы жалғыз алтынды әкелді. Чемпион атануға бір қадам жетпей қалған Ислам Бозбаев (100 келіге дейінгі салмақ) пен Абиба Әбужақынова (48 келі салмақ) күміс жүлде жеңіп алды. Сондай-ақ, Мағжан Шамшадін (60 кг), Ғұсман Қырғызбаев (66 кг), Дидар Хамза (90 кг), Нұрлыхан Шархан (100 кг) және Аруна Жангелдина қола медальді мойынға асты.

Азия чемпионатының соңғы күнінде Қазақстан құрамасы командалық жарыстың қола жүлдесін қанағат тұтты. Ширек финалда қазақстандық дзюдошылар Жапониямен кездескен. Біздің команда кездесуді 2 жеңіспен бастағанымен, жалпы есеп бойынша жартылай финалға өте алмады. Есеп 4:3. Қола үшін күресте біздің команда Өзбекстан құрамасына қарсы тұрды. Шешуші жекпе-жектің алдында есеп 3:3 болған. Алайда, өзбекстандық спортшы жарاقاتына байланысты татамиге шықпағандықтан, жеңіс біздің командаға бұйырды.

Осылайша сары құрлық біріншілігінде сегіз медаль олжалаған жерлестеріміз жалпыкомандалық есепте төртінші орынға табан тіреді. Бас жүлдені Жапония балуандары жеңіп алды. Олардың еншісінде 9 алтын, 3 күміс жүлде бар. Екінші және үшінші орынға Моңғолия (2 алтын, 5 қола) және Өзбекстан (1 алтын, 2 күміс, 6 қола) құрамалары жайғасты.

Ж а қ с ы л ы қ Үшкөмпіров атындағы «Жекпе-жек» спорт кешенінде 4 күн бойы Азияның үздік балуандары сынға түсті. Жарыста барлығы 19 елден келген 200-ден аса спортшы бақ сынады. Оның ішінде Қазақстан атынан 18 спортшы өнер көрсетті. Жарыс нәтижесі бойынша Қазақстан құрамасы бір алтын, екі күміс және бес қола медаль жеңіп алды.

Отандық дзюдошылар арасында 73 келіде бақ сынаған

ШАХМАТ



Бибісара биіктен көрінді

Бибісара Асаубаева әйелдер арасындағы Азияның үздік шахматшысы атанды. Толағай табысқа қол жеткізген шахматшыны Мемлекет басшысы құттықтады. «Қазақстан шахматшыларына үнемі қолдау көрсетіп келе жатқан Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жаңалықты назардан тыс қалдырған жоқ. Ол Бибісараны құттықтап, жаңа жетістіктер тіледі», – деп жазды Ақорданың баспасөз қызметі.

18 жастағы Қазақстан шахматшысы Бибісара Асаубаева Азияның 2021 жылғы үздік шахматшысы атағына ие болды. ФИДЕ (Халықаралық шахмат федерациясы) басшылығымен салтанатты шара Үндістанның Ченнай қаласында өтіп жатқан әлемдік шахмат олимпиадасы аясында ұйымдастырылды.

«ФИДЕ марапаттарын

табыстау рәсімі өтті. Шахматтан 15-ші әлем чемпионы Вишванатан Ананд маған «Әйелдер арасында Азияның үздік шахматшысы – 2021» марапатын табыстады. ФИДЕ-ге менің еңбегімді жоғары бағалағаны үшін алғыс айтамын», – деп жазды Бибісара әлеуметтік желіде.

Бибісара Асаубаева – әйелдер арасындағы гроссмейстер (2019),

ерлер арасында халықаралық спорт шебері (2020). Бибісара 2021 жылдың 30 желтоқсанында Польшаның Варшава қаласында блицтен әйелдер арасында өткен Әлем чемпионатында 17 жасында жеңіске жетіп, шахмат тарихындағы блиц бойынша ең жас әлем чемпионы атанды. Сондай-ақ, шахматшымыз – «Алтын Мангуст» және «Шапағат» ордендерінің иегері.

Айта кеткен жөн, Үндістанның Ченнай қаласында өтіп жатқан шахмат олимпиадасына Қазақстанның ер және әйелдер құрамалары қатысуда.

Еліміздің шахматшы қыздарының есебінде барлығы 7 жеңіс, 1 тең нәтиже және 1 жеңіліс бар. Соңғы ойында әйелдер құрамасы шахмат олимпиадасының 9-шы раундында Болгарияны 3:1 есебімен жеңді. Жансая Әбдімәлік пен Гүлісхан Нахбаева жеңіске жетсе, Бибісара Асаубаева мен Ксения Балабаева қарсыластарымен тең түсті. Бұл жеңіс Қазақстан әйелдер құрамасына олимпиада рейтингінде үшінші орынға көтерілуге мүмкіндік берді. Енді ару қыздарымыз екінші орында тұрған Үндістан командасымен кездеседі.

Өкінішке орай, соңғы кездесуінде ерлер командасы Сербиядан 1:3 есебімен ұтылды. Мұртас Қажғалеев пен Арыстанбек Оразаев тең ойнады, ал Ринат Жұмабаев пен Әлішер Сүлейменов қарсыластарына есе жіберді. Ерлер құрамасы үшін бұл қатарынан екінші және турнирдегі үшінші жеңіліс. Нәтижесінде жігіттеріміз жалпы есепте 25-орынға жайғасты. Олар ендігі кезекте 27-орында тұрған Хорватиямен кездеседі. Айта кеткен жөн, Өзбекстан құрамасы соңғы ойында Арменияны жеңіп, ерлер арасында көш бастап тұр.

**Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.**



Дәстүрлі жарыс жалғасын тапты

Алматыда «Tour of Almaty 2022» веложарысы өтті.

Алматылықтар үшін дәстүрге айналған веложарыс биыл 7-рет ұйымдастырылып отыр. Пандемияға байланысты соңғы екі жылда өтпей қалған «Tour of Almaty» биыл қайта жалғасын тапты.

Таңғы сегізде басталған жарыста ең алдымен 14 шақырым қашықтыққа жасөспірімдер жүріп өтті. Олардың көпшілігі жарыс жолын шамамен 1 сағатта бағындырды. Одан кейін 32 және 52 шақырым қашықтыққа қатысатын велошабондоздар жолға шықты.

– Қатысушылардың басым бөлігі Алматы қаласының тұрғындары, алайда Қазақстанның түкпір-түкпірінен келгендер де бар. Сайысқа қатысушылардың көпшілігі велоспортпен әуестене-

тіні көрініп тұрды. Олардың біразы кәсіби деңгейге жақын велоспортшылар десек те болады. Жалпы, жарыс бойынша көрсеткен нәтижелері жаман емес. Әсіресе, Розыбакиев көшесімен мәреге жақындағанда көрсеткен жылдамдықтары тамсандырды, – деді ұйымдастырушы Иса Қалқа.

Ұйымдастырушылар атап өткендей, бұл дода халықаралық сипат алып жатыр. Оған қатысу үшін шетелден арнайы келгендер бар.

Қазір мегополисте әуесқой велоспортшылар мен велоклубтар саны артып келеді. Мұны бүгінгі шарадан байқауға болады. 32 және 52 шақырымға шыққандар мәрені сәтті бағындырды.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«ШЫҒЫС-АСТЫҚ-НАН» ЖШС-ға:

- кеңсе менеджері;
- мұрағатшы керек.

Тел.: 8 771 454 17 79.
8 775 615 55 51.

«HVA System» компаниясына:

- физика пәнінің мұғалімі қажет.

Тел.: 8 (727) 388-99-58.
8 707 500 74 34.

«БӨБЕК» Ұлттық ғылыми-тәжірибелік, білім беру және сауықтыру орталығына:

- директордың ӘШБ жөніндегі орынбасары;

- экономист керек.

Тел.: 8 (727) 247-25-19.

«ТОРГСТРОЙ» ЖШС-ға:

- өндіріс басшысы қажет.

Тел.: 8 747 701 90 16.

№106 ясли-балабақшаға:

- аспаз;
- тәрбиешінің көмекшісі;
- күзетші керек.

Тел.: 8 (727) 225-14-81.
8 701 576 02 13.

«Есту қабілеті бұзылған балаларға (естімейтін балаларға) арналған №1 арнайы (түзету) мектеп-интернаты» КММ:

- математика (алгебра, геометрия) мұғалімін іздейді.

Тел.: 8 747 756 33 81.

«Office-Expert.kz» ЖШС-ға:

- тапсырыстарды (кеңсе тауарлары) жинаушы қажет.

Тел.: 8 702 242 90 48.

«АТОС СТРОЙ» ЖШС-ға:

- бухгалтер-кассир қажет.

Тел.: 8 707 412 33 44.

Еуропалық және грузиндік «MANANA» асханасының премиум класты мейрамханасына:

- ыстық цех аспазы керек.

Тел.: 8 747 771 21 79.

«Top Cleaning Service» клинингтік компаниясына:

- шұғыл түрде аула сыпырушылар, еден жуушылар қажет.

– аула сыпырушының жұмыс кестесі: 2/2, сағ. 08.00-ден 21.00-ге дейін. Жалақысы – 80 000 теңге. Мекенжайы: «Мамыр-4» шағынауданы, McDonald's, 1/7 Б (Саин көшесінің бойы).
Тел.: 8 708 629 73 23.

– еден жуушының жұмыс кестесі: 2/2, сағ. 09.00-ден 20.00-ге дейін. Жалақысы – 90 000 теңге. Мекенжайы: Қабдолов көшесі, 1/8, «Армада» СО, 3 және 4-ші блок.
Тел.: 8 702 985 62 18.

– еден жуушының жұмыс кестесі: 2/2, сағ. 08.00-ден 20.00-ге дейін. Жалақысы – 100 000 теңге. Мекенжайы: Қабдолов көшесі, 26-үй, «Золотой базар» СО. Тел.: 8 702 985 62 18.

– аула сыпырушының жұмыс кестесі: 6/1, сағ. 08.00-ден 17.00-ге дейін. Жалақысы – 100 000 теңге. Мекенжайы: «Құлагер» шағынауданы, Қазыбаев көшесі, 270 В. Тел.: 8 707 838 19 76.

– еден жуушының жұмыс кестесі: 6/1, сағ. 07.30-дан 16.00-ге дейін. Жалақысы – 100 000 теңге. Мекенжайы: Торайғыров көшесі, 53/23, БЦК.
Тел.: 8 777 780 41 85.

– аула сыпырушының жұмыс кестесі: 6/1, сағ. 07.30-дан 17.00-ге дейін. Жалақысы – 90 000 теңге. Мекенжайы: әл-Фараби даңғылы, 140 А, «VILLA Boutiques & Restaurants» көпбейінді lifestyle-кешені.
Тел.: 8 708 629 73 23.

СӘТТІЛІК СЕРІГІҢІЗ БОЛСЫН!

Техника ғылымында орны толмас қайғы. Қазақтың белгілі ғалымы, техника ғылымының докторы, профессор Тлевхан Құрамжанұлы Ахмеджанов 5 тамызда 73 жасында мәңгілік мекенге аттанды. Тлевхан Құрамжанұлы өз өмірін ғылыммен байланыстырды. Ол ұзақ уақыт Қазақстан Республикасының Жоғары аттестаттау комиссиясының физика-математика, техникалық ғылымдар, жер және ғарыш туралы ғылымдар бөлімін басқарып, бірнеше шәкірт тәрбиеледі. Ғылымның дамуы жолында аянбай еңбек етті. Өзі өмірлік тәжірибесімен бөлісу мақсатында бірқатар ғылыми мақалалар жариялады. Сонымен қатар, әдістемелік құралдардың, техникалық өнертабыстардың авторы және бірлескен авторы болды.

Тлевхан Құрамжанұлы – инновациялық әзірлемелерге арналған бірнеше патенттердің иегері.

Кеменгер ғалым, техника ғылымының ауыр жүгін көтере білген Тлевхан Құрамжанұлының отбасы, жақын-туыстарына және Алмасхан Тлевханұлына қайғысына ортақтасып, Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы мен «Алматыбасжоспары» ҒЗИ ұжымы көңіл айтады.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 4 айға – 2402 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 4 айға – 6482 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 4 айға – 1762 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне төрт айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

COVID- 19 ҚАЗАҚСТАН



ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
МЕДИА-ОРТАЛЫҚ

8.08.2022 ж. күнгі деректер бойынша
ҚР өңірлерінде КВИ-ға қарсы
вакцинациялау жүргізу туралы ақпарат

I компонентпен
еңке алған
адамдар саны

II компонентпен
еңке алған
адамдар саны

1. Нұр-Сұлтан қ.	543 327	517 211
2. Алматы қ.	1 215 883	1 188 925
3. Шымкент қ.	707 474	696 727
4. Ақмола облысы	377 086	364 306
5. Ақтөбе облысы	444 533	436 424
6. Алматы облысы	1 185 906	1 136 061
7. Атырау облысы	293 313	277 933
8. ШҚО	1 032 244	1 025 713
9. Жамбыл облысы	773 266	763 101
10. БҚО	297 836	288 472
11. Қарағанды облысы	727 103	679 593
12. Қостанай облысы	381 298	368 271
13. Қызылорда облысы	516 268	510 700
14. Маңғыстау облысы	281 286	273 810
15. Павлодар облысы	385 529	376 700
16. СҚО	342 883	338 787
17. Түркістан облысы	1 295 453	1 291 609
Барлығы ҚР бойынша:	10 800 688	10 534 343

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2022 жылдың 27 тамызында, сағат 09.00-де Алматы қаласы: Әуезов көшесі 181, 17 п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынықырлар, кулондар, алқақар).
Лоттар саны – 969 дана.
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.
Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ.; Әуезов көшесі 181, 17-п. немесе lemon@lmbn.kz электрондық поштасы бойынша 2022 жылдың 25 тамызға дейін сағат 18.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі – Голландтық.
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

ӨТТІҢ, ДҮНИЕ...



Білікті басшы еді...

Өріптесіміз Бибігүл Тәутенқызының қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен отбасына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Орны толмас қазада сіздердің қайғыларыңызға шын жүректен ортақтастығымызды білдіргіміз келеді. Бұл – бәріміз үшін мезгілсіз келген қайғы, өкініш.

Бибігүл Тәутенқызы біз үшін әріптес ғана емес, ол – үлгілі ана, мейірімді жан, білікті басшы, ақылшы дос болды.

Үлкен жүректі, жаны жайсаң азаматша еді. Алла оның жанына тыныштық беріп, жәннатта етсін! Білім саласына, оның ішінде, Алматы қаласындағы өзі басқарған мектеп-интернатқа сіңірген зор еңбегі жадымызда мәңгі сақталады.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Akshamy» ЖШС.
almaty.aqshamy@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАН

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80ВР00026040
күәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы
жолаушыларға қолжетімді.



БАЛАЛАР СПОРТЫНА БАСЫМДЫҚ БЕРЛЕДІ



Рая
ЕСКЕНДІР

Мемлекет басшысының осы жылды «Балалар жылы» деп жариялауы қоғамның ең басты құндылығы өскелең ұрпақ екенін тағы да дәлелдей түскендей. Қала көлемінде мерекелі жыл аясында өтіп жатқан іс-шаралар легі толас-тар емес. Әрине, оның бәрі балаларды қорғауға, олардың денсаулықтарын нығайтуға бағытталып отыр.

Бостандық ауданындағы №69 бөбекжай-балабақша ұжымы да бүлдіршіндерімен бірлесіп, түрлі бағдарламаларға арналған жиындар мен спорттық іс-шараларды өткізіп жатыр. Жалпы, балалардың тұлға болып, ойы да, бойы да қалыптасуы үшін ең алдымен спорттық сауықтыру жаттығуларының маңызы ерекше екені белгілі. Сондықтан балаларды салауатты өмірге қалыптастыру үшін осы бастан спортқа баулу керек. Аталмыш балабақша бүлдіршіндері арнайы сауықтыру құралдары арқылы күн сайын дене құрылысын, бұлшық етті дамытуға арналған жаттығуларды жасайды. Мұндай спорттық жаттығулар, сөз жоқ, бүлдіршіндердің жас ағзаларын төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелейді.

«Біздің басты міндетіміз – балалардың денсаулығын нығайту. Сондықтан жазғы уақыттың денін сауықтыру-шынықтыру сабақтарына арнаймыз», – дейді балабақша тәрбиешілері.

Балабақшада балаларды икемділікке, шапшаңдыққа баулитын спорттық құрылғылар өте көп. Мұндай құралдардың дайын түрлерімен қатар, тәрбиешілердің өз қолдарынан құрап жасағандары да бар. Мәселен, асықтан, түрлі-түсті қарындаштардан, қақпақтардан, тастардан, түймелерден, талшын жаңғақтарынан, т.б. қажетсіз заттардан жасалған құралдардың арнайы зауыттардан шыққан өнімдерден айырмашылығы шамалы. Қайта қолдан жасалған құрылғылар балалардың спорттық жаттығулар жасаған кездерінде қолмен ұстап, еркін қимылдауларына өте ыңғайлы.

«Ақбота» мектепалды тобының тәрбиешісі Динара Белғозиева бүлдіршіндермен таза табиғат аясында бүгін де спорттық іс-шара өткізді. Бүлдіршіндерге спорттық серік студия маңызы сөзбен емес, іс жүзінде де дәлелденді. Адам ағзасының кей нүктелері табанда орналасқандықтан, балалар тұзды жылы суда жүру арқылы өз денсаулықтарын нығайтты. Майтабандылықтың алдын алуға арналған кілемшелер, нүктелі массажға арналған бүдірлі доптар, тыныс алу жаттығулары арқылы, өкпені дамытуға арналған үрлегіштер, ысқырықтар, шарлар, т.б. қолдан жасалған құрылғыларды пайдалана отырып, салауатты өмір салтының сабақтарын бастады.

ТҰЛФАТАНУ



Ақтолықын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Биыл қазақтың ұлы ақыны хакім Абайдың туғанына 177 жыл толды. Шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау ете білген ұлы тұлғамыздың жастарға қалдырған мұрасы ересен.

2020 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 10 тамызды, яғни ұлы Абай Құнанбайұлының туған күнін «Абай күні» деп атауды ұйғарған болатын. Сол уақыттан бастап еліміздің әр аймағында Абай атамызға арналған түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып келе жатыр. Осы жылы да атаулы күн ерекше тойланбақ. Республика сарайы алдындағы Абай ескерткішіне гүл шоқтары қойылады. Әрмен қарай қаламыздың кітапханалары мен музейлерінде тақырыптық іс-шаралар ұйымдастырылады. «Алатау» дәстүрлі өнер театры



сахнасында «Күн артынан күн туар» театрландырылған музыкалық кеш ұйымдастырылады.

Абай нағыз адам мұратын қалыптастырып қана қойған жоқ, сонымен бірге ол мақсатқа жетудің шынайы жолын көрсетіп берді. Абай шығармаларында, сондай-ақ

адам бойындағы қайырымдылық, қанағат секілді адамның қалыптасуына себепші иманды қасиеттер де талданған. Кант, Достоевский тәрізді ұлы гуманистер «қайырымдылық», «қарапайымдылық» секілді ұғымдарды тұлғаны қалыптастыратын басты белгі деп қарастырған.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2020 жылдың 9 қаңтарында Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын атап өтуге байланысты «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» аты көлемді мақаласын жариялады. Онда Мемлекет басшысы: «Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі», – деп атап өтті.

Абай дәуір мен дәуірдің, заман мен заманның, тіпті тұтастай адамзат ой-танымының жаңғырып жаңарған кезеңінде өмір сүрді де, сойы басқа, бөгенайы бөлек жаңа уақыт кезеңінде еліне жол сілтеген шырақшы болды.

РУХАНИЯТ

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ КЕМЕҢГЕРІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осыдан көп ұзамай-ақ Президент арнайы Жарлыққа қол қойып, ұлы Абайды ұлықтаудың елімізде және халықаралық деңгейде сан алуан шаралары басталып кеткен болатын. Әсіресе, Мемлекет басшысы қатысқан Абай өлеңдерін оқу акциясы жұрт көңілінен шығып, одан әрі үкілей жалғасты. Әсіресе, Семейдегі ұлы Абайдың өміріне қатысты тарихи орындарды жаңғырту жұмыстарының атқарылуы Ақын елінің шетелдіктер де қызыға келетін тарихи-танымдық туризм орталығына айналатынына сендіре түседі...

«Қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында ұлы ақын тұлғасын бұрынғыдан да асқақтата түседі: «Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады... Ол әділетті қоғам құру идеясын көтерген. Демек, Абайдың көзқарастары ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамы және оның береке-бірлігі үшін аса құнды. Хакім Абайдың ұстанымдары өркениетті мемлекет қағидаларымен үндеседі...».

Бұдан әрі республика Президенті өз ойын былайша түйіндейді: «Ғұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады... Абай өзінің қара сөздерінде адамзат баласына ортақ мұраларды дәріптей отырып, рухани биікке құлаш сермеп, алысқа қанат қаққанын көрсетеді. Оның қара сөздерінің арқауы – кісілік, мәдениет, ізгілік. Қазақ елі барда Абай есімі асқақтай береді. Оның асыл сөздерін рухани байлығымыз ретінде жоғары ұстасақ, туған еліміздің әлем алдындағы абыройы арта берері сөзсіз... Бұл тойдың тұсындағы басты мақсатымыз – бүкіл халықтың ұлт ұстазы алдындағы өзіндік бір есеп беруі іспеттес болуға тиіс деп білемін. Абай сыны – ауыр сын, сындарлы сын. Озық отыздыққа қосылуды межеледік. Ол межеге де жетеміз. Сол межеге жетуге де бізге Абай мұрасы көмек бере алады. Ендігі мәселе – біз сол Абайдың көмегін түсіне алдық па, зерделей аламыз ба?».

Ақын өсиеті – ұрпаққа мәңгі аманат!

Шынында да Абай «шыңына» көз түгілі, көңілдің жетуі екіталай және бұл екінің бірінің маңдайына жазылмаған тағдыр. Абайдың «жүрегінің түбіне терең бойлау үшін» әуелгіде, тым құрыса, ақынның «сырты күміс, іші алтын» сөзіне шын көңілден құлақ қою керек. Жаттап алып, басқаның алдында жарқырай



Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы.
Ұлдары – Ақылбай және Мағауиямен

көріну, «сырын емес, сыртын түзеу» үшін емес. Адам болып келген соң адам болып өту үшін. Жүрегінді тазарту, «өзіңнен өзің есеп алу үшін». Себебі, Абайдың бар мақсаты туған халқына «жақсы менен жаманды айыруды» үйретіп, өркениет өріне жетелеу болды. Сондықтан «Мұны жазған кісінін/ Атын білме, сөзін біл» (1/61) деген терең тағылым иесі – Құнанбайдың перзенті, қазақтың Абайы болатын. Ақын өсиеті – ұрпаққа мәңгі аманат! (Суреттің авторы – Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Нұрбұлан Өтепбаев).

Болат ЖҮНІСБЕКОВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, абайтанушы.